


П И О Н Е Р




АВГУСТ

1951 ЖЫЛА
АЛМАТЫ


№ 8




Жас пионерлердің салтанатты уәдесі



Мен, Советтік Социалистік Республикалар Одағының жас пионері, Ленин—Сталин ісі үшін, коммунизм жеңісі үшін күресте тапжылмас табанды боламын деп, жолдастарымның алдында уәде беремін.



Мен өзімнің Социалистік Отанымның лайықты азаматы болу үшін адал өмір сүріп, қажымай оқыймын, деп уәде беремін.





ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің
айына бір рет шығатын балалар журналы

Шығуына 13-жыл.

№ 8

АВГУСТ

1951 жыл

КӨСЕМГЕ ХАТ

Совет адамдары өзінің ұлы көсемі, сүйікті әкесі Сталин жолдаспен күн сайын пікір алысып, ақылдасып отырады. Қолы жеткен зор табыстарын ең алдымен ұлы Сталинге хабарлау — халқымыздың тамаша салтына айналған. Сондай-ақ, халық сүйіктісіне ойын, болашақ істерінің жоспарын білдіріп отырады. Байтақ еліміздің қай шетінде болса да, Отан игілігі үшін істелінген істі ең алдымен ұлы әкеміз естиді. Асау өзен еркімізге көніп, ескі арнасын тастап, шөл даланы суландыруға тасқындай ақса, совет ғалымы ғасырлар бойы адам баласының соры болып келген қорқынышты ауруға ем тапса, қарт колхозшының бақақн малы қыстан күйлі шығып, егізден төлдесе, колхоз отарына жаңадан қора-қора қой, үйір-үйір жылқы қосылса, — бұл қуанышты хабарлар ең алдымен көсемге жетеді. Әрбір қарапайым совет адамы қалайда өзінің бір ісімен көсемді қуантуды арман етеді.

Жуықта республикамыздың колхозшылары, колхозшы әйелдері, машина-трактор станциялары мен машина-мал шаруашылық станцияларының, совхоздарының қызметкерлері және ауыл шаруашылық мамандары Сталин жолдасқа хат жазды. Олар қолдары жеткен табыстарын көсемге зор мақтанышпен баяндады.

Республика мал басын өсіру жөніндегі бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындады. Колхоздарда сыйыр малының саны өткен бесжылдық ішінде 46,8 процент, қой мен ешкі — 45,1 процент, жылқы — 78,1 процент, шошқа — 2,8 есе өсті.

Көптеген аудандар, колхоздар, совхоздар 1950 жылы ауылшаруашылық дақылдарының барлық егіс көлемінен мол өнім алды.

Республикамызда ұсақ колхоздарды ірілендіру жөнінде едәуір жұмыстар істелінді.

Сонымен қатар, республикамыздың ауыл шаруашылығының адамдары Сталин жолдасқа бұдан былай да Отанымыздың қуаттылығын арттыра беру жолында аянбастан еңбек ете береміз, деп уәде берді. Ұлы көсемге жазылған хатта былай делінді:

«Қоғамдық малдың санын көбейту үшін және оның өнімділігін анағұрлым арттыру үшін біз жан аямай еңбек етеміз. Сүйікті Отанымыздың күш-қуатын барған сайын нығайта беру үшін, елімізде азық-түлік молшылығын жасау үшін, колхоз құрылысын гүлдендіре беру үшін және колхозшылардың әл-ауқатын арттыру үшін бұл міндетті орындаудың зор маңызы бар екендігін біз жақсы түсінеміз. Мұның өзі коммунизм құрылысының ұлы ісіне және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайту ісіне республиканың ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің қосқан жаңа зор үлесі болады».

Көсемге жазылған хат республикамыздың егіс далаларында, мал жайылымдарында социалистік жарыстың жаңа толқынын тудырады. Балалар, ұлы Сталинге берген уәдені орындау үшін сендердің ата-аналарың, апа-ағаларың жұмысқа құлшына кіріседі. Бұл істе де оларға тиісті қол қабыстарыңды тигізіндер.



ҚАЗАҚСТАН КОМСОМОЛЫНЫҢ V СЪЕЗІ

1951 жылғы 10 июль Қазақстан комсомолының және республикамыздың бүкіл жастарының өміріндегі елеулі күндердің бірі болып қалады. Бұл күні Алматыда КЛКЖО-ның V съезі ашылды. Съезге тандаулы комсомолецтер — ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің озаттары, Социалистік Еңбек Ерлері, жас ғалымдар, комсомол қызметкерлері, мұғалімдер, пионер вожатыйлары келді. Олар Қазақстан Лениншіл Коммунист Жастар Одағының IV съезінен бергі жердегі жұмысын қортындылап, бұдан былай істелетін жұмыстарын белгілеу үшін жыйналды.

Есеп беріліп отырған уақыттың ішінде Қазақстан комсомолы жастарға коммунистік тәрбие беруде, жастардың барлық күш-жігерін соғыстан кейінгі сталиндік бесжылдық жоспарды орындауға жұмылдыруда едәуір жұмыстар істеді. Жүз мыңнан астам жұмысшылар соғыстан кейінгі бесжылдықты орындау жолындағы социалистік жарысқа түсе отырып, бесжылдық тапсырмаларды мерзімінен бұрын орындады және асырып орындалды. Ауыл-село жастары да бұл жылдарда қажырлы еңбегімен көзге түсті. Олар ондаған жер суару каналдарын қазды, үш жүздей су электр станцияларын салды.

Қазақстан комсомолы — Ленин — Сталин комсомолының ірі отрядының біріне айналды. Оның қатарына үш жылда ширек миллион жігіттер мен қыздар қосылды.

Біздің республикамызда 9 мыңнан астам мектеп бар, буларда жыл сайын бір жарым миллиондай бала оқыйды.

Пионер ұйымдары балалар арасында зор тәрбие жұмыстарын жүргізеді. Республика пионер ұйымында 800 мыңдай пионер бар, яғни бұл пионер жасындағы барлық оқушылардың 85 проценті.

БЛКЖО Орталық Комитеті VI-пленумының қаулысына сәйкес республика комсомол ұйымдары балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жөнінде едәуір жұмыс жүргізуде. Кәзіргі уақытта бес жүзден астам жалпы және санаторийлық лагерьлер, екі жүзден астам мектеп жанында ден саулықты жақсарту орындары жұмыс істейді, үш жүздей туристік отряд және екі мыңдай саяхат отрядтары құрылды.

Сонымен қатар съезде мектеп комсомол ұйымдары мен пионер ұйымдарында кейбір кемшіліктер бар екені де айтылды. Қайсы бір мектептерде оқушылардың баянды терең білім алуы үшін күресу орнына тек оқудағы нашар бағаға қарсы күреспен қанағаттанатын зиянды салт бар. Оқушыларға, әсіресе активке оқудан тыс қоғамдық жұмыстың және басқа сондай жұмыстың шамадан тыс көп берілуі әлі күнге жойылмай келеді.

Съезд колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің комсомол ұйымдарына колхоздарды ұйымшылдық жағынан нығайтуға, табиғатты өзгертудің сталиндік ұлы жоспарын жүзеге асыруға, социалистік ауыл шаруашылығын өркендетуге, егін шығымдылығын артыруға, қоғамдық мал басын көбейтуге барлық ауыл-село жастарын жұмылдыруды міндеттеді.

Съезд комсомолецтердің, сондай-ақ республикамыздың барлық жас жеткіншектерінің негізгі міндеттерінің бірі — Ленин — Сталиннің ұлы ілімін қажымай үйрене беру, Отанымыздың, большевиктік партияның тарихын, Ленин мен Сталиннің өмірбаяндарын үйрену деп тапты.



Мәжіліс залында.



Астана пионерлері V-съезді құттықтап тұр.

Съезд қарарында комсомолдың мектептегі жұмысы жөнінде де, пионер ұйымы жұмысын жақсарту жөнінде де айтылды. Советтік мектепті онан әрі нығайтып, өркендету, балаларды оқытудың және тәрбиелеудің сапасын жақсарту жұмысына белсене қатынасу — республика комсомол ұйымдарының маңызды міндеті. Мектептерде бір үлгімен спорт аландарын жасау, барлық мектептер жанында жеміс бауларын егу, орта мектептерде және жеті жылдық мектептердің көбінде қарапайым радио тораптарын жасау істері 1952 жылы аяқталуы тиіс.

Комсомол комитеттеріне пионер ұйымдарына басшылықты күшейту міндеттелінді. Әрбір звеноның, отрядтың, дружинаның жұмысы балалардың орынды мүддесіне сай келіп, олардың жақсы оқуына көмектесетіндей, балалардың қоғамдық іске дағдылануын қамтамасыз ететіндей болуы керек. Пионер жыйындарын әзірлеудің және өткізудің сапасын жақсартып, пионерлер мен мектеп оқушылары арасында бау-бақша егу, техника үйрену, сурет өнерімен шұғылдану сияқты жұмыстардың күшеюіне көмектесу керек.

Съезд қарарында: аға пионер вожатыйлары арасындағы жұмыс жақсартылсын, олардың педагогтік, саяси және жалпы білімі дәрежесін арттыру шаралары қолданылсын, аға пионер вожатыйлардың бәрі педагогикалық оқу орындарын бітіретін болсын, делінді.

Спорттың бұқаралық болуын және спорт шеберліктерін арттыруды съезд аса маңызды міндет деп есептеді. Съезд республика комсомол ұйымдарына 6-классты бітірген барлық оқушылардың БГТО значогін алуын, орта мектептерді бітіргендердің бірінші дәрежелі ГТО значогін алуын қамтамасыз етуді жүктеді.

Жастарға коммунистік тәрбие берудегі зор құралдың бірі физкультура мен спорт. Ол денсаулықтың күшті болуын қамтамасыз етеді, жастардың еңбек етуге және социалистік Отанымызды қорғауға әзір тұруға баулайды.

V съезд Қазақстанның барлық комсомолецтерінің атынан, барлық жастарының атынан совет халқының және бүкіл прогресшіл адам баласының көсемі Сталин жолдасқа өзіміздің барлық жігерімізді, бойымыздағы бар қабілетімізді, жалындаған жас күшімізді Отанымыздың — Советтік Социалистік Республикалар Одағының қуаттылығын онан әрі нығайта беруге арнаймыз деп ант етті.

Балалар, комсомол съезінің қарары сендерді сабақты жақсы өте жақсы оқуға, қолдарыңнан келетін қоғамдық — пайдалы жұмыстарға атсалысуға міндеттейді. Сонымен қатар ол оқуда, пионер ұйымы жұмысында жаңа табыстарға жетулеріңе, нағыз совет патриоттары болып, лениншіл-сталиншіл болып өсулеріңе көмектеседі.



„АҚ АЛТЫН“ ӘҢГІМЕСІ

(Социалистік Еңбек Ері
Ділдібекова Ұлтаймен әңгіме)

Балалар! Сендер мата, үстеріндегі көйлек мақтадан істелінеді дегенді есіткенсіңдер. Бірақ, сол мақтаның өзі қалай өсетінін бәрің бірден біле қоймайсыңдар. Мен сендерге соны айтқым келеді.

Мақта үстінде—күн, астында—дым болғанды жаратады, деседі мақташы диханшылар. Ол рас. Мақта жазғытұры ерте егілгеннен сары күзге дейін күн ыстық болып тұрса жақсы бойлап көтеріледі, әбден толып жетіледі. Бірақ, ұлан жазға өсіп жетіле беру үшін оған нәр, азық керек. Міне, сол үшін мақта өскен жер үнемі дымқыл ылғалды болуы тиіс. Әрине, тек су мен күн болса болғаны мақта өсе береді екен деп ойлау хате болар еді.

Мақта жер бетіне тебіндеп шыққаннан бастап, жас ботадай, өте мәпелеп күтуді керек қылады. Оның агротехникалық ережелері күннен күнге қайталап отырмайды, әр күнге анайылап жүргізіледі. Міне, сол себепті диханшылар, мақтамен сөйлесе білу керек деседі. Оның себебі: жаңа өсіп келе жатқан мақтаға қарап тұрып, оған не керектігін білген адам ғана мол өнім ала алады.

Ал, мақтаға не керек дейтін болсаңдар, оған көп нәрсе керек. Оның бәрін айтып жатудың да қажеті жоқ. Тек еске сала кетеріміз: мақташы неше гектар жер ексе де, сол егісіндегі қаншама мың мақта түбін жеке-жеке білуге міндетті. Мысалы, менің тәжірибемде—бір гектарда мақтаның жиілігі 70 мың түп болады.

Мақта егісінің еңбек сүйгіштігі сонша, мұндағы жұмыстардың аттарының өзі толып жатыр. Шабықтау, жегенелеу, суару, қоректендіру, баптау, өсімдік арасын қопсыту тағы осылар сыяқты толып жатқан келелі-келелі істер істеледі. Жазғұтыры егіс басталғаннан бастап күз айларына дейін мақта егісінде жұмыс күні-түні тоқтатылмайды. Тек осылайша тынбай еңбек еткен адамдар ғана мол өнім алады.



1942 жыл комсомол ұйымы маған комсомол—жастар звеносын басқаруды тапсырып, үлкен міндет жүктеп еді. Звенодағы барлық комсомолецтер болып үздіксіз, ұзақ жылдар жігерлене еңбектену арқасында 1947 жылы зор табысқа жеттік. Звеноның 15 гектар егісінен ойдағыдай өнім алынды, оның ішінде мен өзіме бекітілген 4 гектар жердің әр гектарынан 85,5 центнерден мақта жыйдым. Үкіметіміз бұл табысымды жоғары бағалап маған 1948 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын берді. Сол жылы 7 гектар жерден 625 центнер өнім алып, зор атаққа өнімді еңбекпен жауап бердім.

Мақтарал сыяқты күрделі совет шаруашылығы енді көлемді жерден мол өнім алу міндетін қойып отыр. Комсомол маған енді осы міндетті орындауға да жігерлене еңбек сіңіруді тапсырды.

Агрономиялық білімімді көтергеннен кейін, маған мол өнімші бригадалар мен звеноларға басшылық ету міндеті жүктелді. Кәзір 20 шамалы мол өнімші бригада мен 30 шамалы звеноларға бар білімімді, тәжірибемді жұмсап жүрмін. Біз осынша көлемді егістің әр гектарынан 70—80 центнерден өнім алу міндетін қойып отырмыз. Мичуриндік озат ғылыммен қаруланған мол өнімшілер бригадалары мен звенолары бұл сертті де орындайды.

Менің мол өнімшілер шеберінің қатарына қосылуыма көмектескен достарым көп. Олардың кәзір бірсыпырасының өзі мол өнімші. Менімен бірге еңбектенген достарым Рыбакова, Загирдиновалар былтыр 70—80 центнерден өнім алды. Мен Қазақстан Лениншіл Коммунист Жастар Одағының V съезіне мақтарал совхозы комсомолецтері атынан барлық мол өнімші бригадалар мен звенолардың мақта егісінен быйыл 85 центнерден өнім аламыз деп уәде бердім. Достарым мен съезге жүрерде маған осыны тапсырған еді. Комсомолдық уәде—берік уәде. Ол орындалады.



ПИОНЕР ДОСТАРЫМА



— Пионер таққан галстугінің түсімен ғана емес, үлгілі ісімен пионер болуың керек, қызым. Осыны жастан ұғып, жалыңа сақта!—деген еді әкем маған, мен 3-класта пионер қатарына өткенімде.

Әкемнің бұл сөзін де, пионерлік уәдемді де жақсы орындап келемін.

Пионер ұйымы мені білімге құмарлыққа, қолға алған істі тындырмай тынбауға, адалдыққа, табандылыққа баулыды.

Мен 1948 жылы Қазақстан комсомолының IV съезі алдында БЛКЖО қатарына алындым. Енді менің алдымда өзім ғана үлгілі болмай, басқаларға тәрбие көрсету міндеті тұрды. Комсомол ұйымы маған түрлі қоғам жұмысын жүктеді. Пионер отрядтыңда вожатый, мектеп газетінде редактор, мектеп комсомол комитетінің мүшесі болып істедім. Іске жауапкершілікпен қарауға үйретті комсомол.



Комсомол қатарына кіргеннен бері үш жылда мен үш жас үлкейіп қана қойғам жоқ, рухани өсе түстім.

Мен быйыл 10-класты үздік бітіріп шықтым. Мені май айында үлгілі комсомол мүшесі, оқу озаты деп облыс комсомолецтері Қазақстан комсомолының V-съезіне делегат етіп сайлады.

Республикамыздың тамаша астанасы Алматы қаласына келіп съезге қатыстым.

Қазір мен Қазақтың мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне түспекшімін. Арманым — хирург-дәргер болу.

Мен өз ісіне жетік хирург боламын да, оған менің бойыма комсомол екен ізгі хасиеттер кепіл.

Нуржамал КЕМЕЛОВА.

Павлодар облысы Қуйбышев орта мектебінің оқушысы.



КОМСОМОЛДЫҢ КӨМЕГІМЕН

Біздің дружина советі жұмысты комсомол комитетінің басшылығымен істейді. II отрядтағы вожатыйдың барлығы да комсомол мүшелері, оқу озаттары.

Быйылғы оқу жылында біздің дружинада

едәуір жұмыстар істелді. Төменгі кластардың 180 оқушысы—озат оқушылар пионер қатарына алынды. Бұл жас оқушылар арасында В. И. Ленин атындағы жас пионерлер ұйымының тарихы, туралы әңгімелер өткізілді.

Сабақты 5 пен 4 ке үлгіретін, түрлі көпшілік-қоғам жұмысына белсене қатысатын 58 пионер осы уақыттың ішінде БЛКЖО қатарына өтуге әзірленді. Бұл жұмысқа да мектептегі комсомол комитеті тікелей басшылық етті. Бұл пионерлер ең алдымен БЛКЖО-ның уставы программасымен таныс-



ты. Комсомол комитетінің әдейі бөлінген бір мүшесі, осындай пионерлердің арасында біздің еліміздегі жаңалықтар, халықаралық жағдай, Ленин — Сталин комсомолының даңқты жолы, туралы, дүние жүзі халықтарының бейбітшілік жолындағы күресі туралы әңгімелер өткізді.

Комсомол комитеті мен дружина советі әрбір жетінің аяғында отряд вожатыйлары мен совет председательдерінің есебін тыңдайды.

Біздің дружина пионерлері жазда жақсы тынығып, жаңа оқу жылында КЛКЖО-ның V-съезінің қаулыларын жүзеге асыра отырып, оқу үлгіруін бұрынғыдан да жақсартта түспекші.

З. ҚАРАБАЛИНА.

КЛКЖО-ның 25 жылдығы атындағы қазақ қыздары мектебі, Қызылорда қаласы.



Бұдан бірнеше жыл бұрын ұлы орыс жазушысы А. М. Горький Иркутскінің 15-орта мектебіндегі оқушыларға жолдаған хатында: «Біз бүкіл жерімізді өңдеп, бақша етеміз, саздарды құрғатамыз, шөлдерді сұландырамыз, өзендердің астын қазып терендетеміз, миллиондаған километр жана жолдар саламыз, ормандарымызды жақсартамыз... Осы жұмыстың бәрі сіздерді күтіп тұр, бұл жұмыс ғылыми терен білімді керек етеді... Кешегі істелген істер де, бүгін істелуге тиістілері де сіздерге аян болуға тиіс, өйткені тарих сіздердің алдарыңызға тек өз елімізде ғана емес, бүкіл дүние жүзінде де әкелеріңіздің бастаған ісін алға апару міндетін қойған» деп еді.

Горький бұл сөздерін арнаған, бір кездегі мектеп балалары, кәзір коммунизмнің ұлы құрылыстарында игілікті еңбек етіп жүр. Данышпан жазушының осы бір тамаша ойының қалай жүзеге асып жатқанын біз кәзір кең байтақ жерімізде, совет адамдарының қолымен салынып жатқан сталиндік заманның алып құрылыстарының бейнесінен көріп отырмыз. Еділ мен Днепрде, Түркменстан мен Қырымда коммунистік қоғамға нұр тарататын, қуат беретін, кең байтақ жерімізді гүл бақшаға айналдыратын ұлы құрылыстар жүргізіліп жатыр.

Өткен жылы август айында үкметіміз коммунизмнің ұлы құрылыстарын — Еділде алып су электр станцияларын салу жөнінде қаулы алды. Қуйбышев пен Сталинград қалаларының тұсында аса үлкен екі су электр станциясы салынып, 1955—1956 жылдары іске кіріседі. Бұл екі станциядан жыл сайын елімізге 20 миллиард киловат—сағат қуат тарайды. Бұл қуаттың қаншама зор екенін мынадай бір мысалдан-ақ байқауға болады: осы жыйырма миллиард киловат—сағаттың ауыл шаруашылығына жұмсалған бір киловаты ғана сегіз адамның жұмысын атқарап, олардың қолын ауыр еңбектен босататын болады. Бұл екі

станцияның ғана елімізге беретін күш пен нұры революцияға дейінгі Россияның барлық электр станцияларының берген қуатынан он есе артық.

Еділдегі екі алыптың нұрынан Отанымыздың көп қалалары, өнеркәсібі транспорты, ауыл шаруашылығы күш алады, екі алыптан Москва жыл сайын он миллиардтан астам киловат-сағат электр қуатын алатын болады. Жаңа станциялар біткен соң шөл дала суландырылады, сазды жер құрғатылып, жайқалған егін шығады, жаңа ормандар өседі. Еділдің суынан еліміздің 14 миллион гектар жері суландырылады.

Тек Еділде ғана емес, коммунизмнің бұл сыяқты жаңа құрылыстары—Амударья мен Днепрде де, Каховкада, Оңтүстік Украина мен Солтүстік Қырымда—үлкен-үлкен жаңа каналдар салынып жатыр. Еділ мен Дон өзендерін бір біріне қосатын, кеме жүретін канал салу жұмысы да кәзір қызу жүргізіліп келеді. Мұның бәрі еліміздің халық шаруашылығы мен мәдениетінің өркендеуіне жаңа күш, жаңа нұр береді, мұның нәтижесінде сталиндік ұлы жоспар жүзеге асырылып, Отанымыздың бүкіл табиғаты өзгереді. Осыған байланысты аспан да өзгереді. Өйткені сулы, дымқыл жер жаңбырлы бұлтты өзіне тартады. Бұрын Атлантика жақтан көтерілетін жаңбырлы бұлт көбіне Еділ маңына жетпей, орта жолда жауып үлгіретін еді. Енді суға еркін кенелген бұл жердегі кең аймақтан көтерілген салқын ауа Атлантика жақтан көтерілген жаңбырлы ауаны өзіне қарай тартып алады, оны Қазақстанның бұрынғы шөл даласына қарай беттетеді. Сөйтіп, бұл бұрынғы қуан дала Еділдің пайдасын жерден де, аспаннан да бірдей көретін болады, жер гүлденеді, ел күйленеді. Халықтың, оның адал ойлы ұлдарының ғасырлар бойына шөлді, қуаңшылықты жою, сол жолмен халықты аштықтан, азаптан құтқару туралы ойлаған


армандары толық мағнасында, тамаша түрде жүзеге асатын болады.

Кәзір Амударья мен Красноводск арасында салынып жатқан Түркменстанның Бас каналы 1957 жылы қатарға қосылады. Амударьяның ғасырлар бойы тектен-текке Арал теңізіне құятын мол суы, енді халық шаруашылығының қажетіне жұмсалады. Ол Түркменстан мен Қарақалпақ республикасының 13.000.000 гектар егістік жерін, қаракүмнің 7.000.000 гектар жайылым жерін суландыратын болады.

Қуйбышев құрылысында котлаван қазу жұмысы аяқталып келеді. Қуйбышев ГЭС-тің іргесі осы әрі аса аумақты, әрі терең котлаванның ішінен қаланып, биікке көтеріледі. Қуатты экскаваторлардың әрқайсысы өздерінің екі текшеметр жер топрағын бір-ақ көтеріп алатын ожауымен жерді лезде терендетіп әкетеді, экскаваторларға жеті тонналық автомашиналар үздіксіз барып топрақты басқа жаққа қарай әкетіп жатады. Мұнда адам аз, машина көп.

Құрылысқа алыстағы қалалар мен колхоздардан келген адамдардың қай-қайсысын алсаңыз да, олар өз орнын, өзіне лайық мамандық тауып, жұмыс істейді. Өйткені бұл күнде біздің адамдарымыздың өнері өскен, санасы артқан. Ярославль облысының колхозшысы Владимир Колобаев колхозда тракторшы екен, ол Қуйбышев ГЭС-тің құрылысына келген соң экскаваторды бөгетсіз жүргізіп кете алды.

Кәзір Колобаев «Қуйбышевгидростройдың» ең таңдаулы экскаваторшыларының бірі. Ол котлаван қазуда күндік нормасын 2—3 есе орындайды. Оның машинасының кең кабинасында отырып, жас машинистер стахановша жұмыс істеуді үйренеді. Кейде шәкірттерінің өзі-ақ жұмыс әдісін меңгере келе, Колобаевтан озып кетіп жүр. Жас экскаваторшы Семен Кондаковтың құрылысқа келгендегі алғашқы мектебі — Владимир Колобаев болды. Кейіннен Кондаков күрделі машинаның тетігін меңгерді. Оның экскаваторы шығарған топрақты әрқайсысы жеті



Қуйбышев ГЭС

Суретте: Қуатты экскаваторлар жұмыс үстінде.

тонна көтеретін 17 автомашина тасып үлгіре алмайтын болды. Ағайынды шоферлер Илья мен Игнат Костенколар Кондаковтың қарқынына үлгіру үшін сменасына 34 рет тасымал жасады, норманы 3 есеге дейін орындады, басқа машиналардың шоферлеріне де өте жеделдікпен жұмыс істеуге тура келді.


Қуйбышев су электр станциясының алып тұлғасының үштен екі бөлегі су ішінде болады. Су астындағы котлаванның тереңдігі 45 метрге жетеді. Бұл 45 метр котлаванның іргесі тастан қаланады.

Осынша тереңдікті барлап шығу үшін Василий Радаев, Нефед Горбачев пен Григорий Кормилицын сыяқты суға сүнгігіштер (водолаздар) жұмыс істеді. Олар арнаулы сауыт киіп, Еділ суына терең сүнгіді, өзенді зерттеп, әлде неше ондаған километр су астын шарлады. Солардың батыл барлау материалдарына сүйене отырып, котлаван қазылатын жер белгіленді. Оған «Жер-снаряды» деп аталатын күрделі машина келіп орналасты. Ол су астындағы кең аумақты аз уақытта қазып үлгірді. Осыншама күрделі техниканың маңында 60 адам ғана жұмыс істейді. Дәлірек айтқанда, олар қара жұмыс істемейді, советтің тамаша машинасын басқарады.

Құрылыс басында тәулік бойына жұмыс істелінеді, Қуйбышев пен Сызрань қалаларынан электр сымын бойлап, жұмыс басына электр қуаты келеді. Кеш болса Еділ бойы жарық сәулеге бөленеді, күндізден де жарық түн бойына еңбек думаны басылмайды. Түн болғанын мұнда электр шамдарға, аспандағы жұлдыздарға, Еділдің үстінде нарттай болып жанып тұрған қызыл шамға қарап қана сезінуге болады. Күндізге бергісіз бұл қандай түн деп ойлайсың.

Көп ұзамай Еділдің өзі қуат береді. Жарық таратады. Сонда біздің елдің бойына сарқылмас жаңа күш, жаңа қуат қосылады.

Ж. ЖҰМАҚАНОВ.



«Жер — снаряды» Еділдің түбін қазып жүр.

ҰЛЫ ДОСТЫҚ



— Досым, сүйікті досым!

Шын жүректен қадірлеп, жақсы көрген адамыңа хат жазсаң яки сағына тіл катсаң, осы сөз кеп аузыңа түседі. Бұл сенің өзегіңді жарып шығады.

Ең жақсы, ыстық сезімді бейнелейтін осы сөз, ойлап отырсаң, қандай мағналы, қандай асыл еді дейсің. Шынында достасу досың болу — өміріңнің қазығы ғой. Жолдасы, досы жоқтың өмірі еш. Жалғыздықтың күні қаран.

Достық—шынайы, ең асыл сезім. Достық сезімге көтерілу— адамгершілік жақсы қасиеттерге, кіршіксіз махаббатқа бөлену керектігін сен жақсы білесің, оқушы. Достық жүрген жерде жалған сезімге орын жоқ. Шын достық адамды неге болса да төздіреді, достық үшін адам сұрапыл қауіпке де саналы түрде қарсы шабады, өлімге де бас тігеді, достық ерлікке, ізгілікке бастайды.

1941 жылғы 3-июль еске түседі. Сендердің көбің ол күнді көрген жоқсындар, көргендерің — кішкентай едіңдер. Естерінде қалмауы да ықтимал, ол жылдарды сендер көбіне ата-ананың әңгімесінен, кітаптан білесіңдер. Отанымыздың басына ауыр күн төніп тұрған сол қарлы жылы 3-июльде атамыз Сталиннің халыққа арнап сөйлеген сөзін естіген әр бір жан ұмытуға тиіс емес.

Ол сөзді көбің естімесеңдер де, мазмұнын ешкімнен кем білмейсіңдер. Көсем сөзі қалай басталып еді деген сұрақ қойылса, бүкіл совет

халқына: «сөзімді сіздерге арнаймын, достарым» деп бастады дегенді айтуға бәрің де әзірсіңдер.

Сол сөздің мағнасына үңіліңдерші. Үлкенді-кішілі бүкіл совет азаматын— ұлы Сталин досым деп атады. Достық деген сөзді кең мағнада қолдану бұдан аспас! Әрбір совет азаматын досына санау, олардың жүрегіне өзінің достық ұлы сезімін күйю, бұл достығын оларға деген күн бе күнгі ұлы қамқорлығымен көрсету— достық қандай болу керек дегенге жауап емес пе! Достықты Сталинше түсініп, Сталинше дос бола білу— әрбір жас ұрпаққа арман болуға тиіс.

Ал, жеке адамдар арасында болатын достықты сөз етсек, оның биік мұнарасы— Маркс пен Энгельстің, Ленин мен Сталиннің достығы.

Маркстің адам баласының бақытына еңбек етуіне, ол заманда, қалам ақысы шылым алуына да жетпеген кезде «Капитал» сыяқты ұлы еңбегін жазуына Энгельстің еткен достық көмегі шексіз болғаны белгілі. Бұл екі ұлы дос ұзақ жыл бойы бірлесіп еңбек еткені, бір тұрмаған жағдайда күнбе-күн хат жазысып тұрғаны— бір-біріне деген қамқорлығы тарихта аңыз боп қалды. 1857 жылы Энгельс наукастанып калғанда, Маркс ерінбей-жалықпай медицинаны зерттеп, досын дерттен емдеудің жолын іздейді. Ал, Энгельс болса, жокшылықта өмір сүрген ұлы досына, өмір бойы көмек көрсету мен болады. Жаны жек көретін сауда конторында ол Маркс үшін қызмет те істейді, тап-

қан табысын досының семьясына беріп тұрады. Екі алыптың ұлы достықпен, ынтымақпен еткен еңбегі арқасында адам баласы ұлы ғылымға ие болды.

Ленин мен Сталин де 20 дан аса жыл бойы ұлы мақсат жолында жұп жазбай, бірге күресті, бірге қызмет етті. Лениннің томдарына үнілсек, Сталинмен арадағы ұлы достығын, Сталинге деген қамқорлығы шексіз екенін көреміз. Бірде Сталиннің денсаулығын сұраса, енді бірде қандай дәрігер емдеп жатқанын сұрайды. 1921 жылдың аяқ кезінде Кремль комендантына жолдаған бір хатында Ленин: Сталиннің Кремльдегі пәтері ұйықтауға қолайсыз екенін еске салады. Басқа бір жайлы үйге көшіруді тездетуді және мұны қашан жүзеге асыра алатынын тезірек хабарлауды сұрайды.

Ал, Сталин де Лениннің қамын жеп, ылғи жан серігі болып отырғаны мәлім. Екі көсемнің арасындағы ұлы достықты бейнелейтін жантерберлік оқыйғалар толып жатыр.

Ұлы көсемдердің достығы талай жыйында арнаулы әңгіме боларлық сарқылмас дастан екені бәрімізге аян. Сендер бұл жайында дружина, отряд жыйындарында талай әңгіме де өткіздіңдер, талай кітап та оқыдыңдар.

Біз бұл мақаламызда басқа достықтар яғни халықтар достығы жайында, атап айтқанда орыс халқы мен қазақ халқының достығы жайында әңгімелескіміз келеді.

Бұл екі халықтың ежелден келе жатқан достығы—дружина, отряд жыйындары үшін өте бір қызық тақырыптың бірі. Мүмкін сендер бұл жайында өздерің жыйындарында кеңірек әңгімелесерсіңдер де. Ал, біз жұрттың бәріне белгілі кейбір жайларды ғана қысқаша шоламыз.

Қазақ халқы өзінің тарихында басынан талай қыйын халдерді кешірді. Қазақстан даласын біркезде Шыңғыс хан таптап өтті. Кейін қазақ халқы жонғарлардың, Қоқан, Хива, хандарының соқысына душар болды. Өз ішіндегі хандарының, би, бектер мен байлардың да тепкісін көрді.

Кескілескен қыйын күрестерде қазақ халқына таяныш болған ұлы орыс халқы еді. Ол қазақ халқын қанатының астына алып, ортақ жауға қарсы күресті бастады.

...1773 жылы Орал мен Еділ бойында бұрық еткен, Пугачев бастаған көтерілістің дүмпуі қазақ даласын да жаңғыртты. Пугачев қазақ халқын да ортақ жауға қарсы күреске шақырды. Көптеген қазақ кедейлері қолына қару алып, орыс бауырларына қосылып майданға шықты.

Ортақ жауы — патша өкметіне қарсы екі халықтың алғашқы рет бірігіп күресуі міне, осылай басталды.

Халқымыздың тарихына үнілсек, ортақ жауға қарсы бұл сыяқты біріккен күрестерді жиі кездестіреміз. Қазақ халқының тарихында ауыр кезең болған 1916 жылғы қанды жылда да орыс кедейлері қазақ кедейлерімен бірлесіп, патша үкметінің жазалаушы отрядына қарсы шықты. Октябрь революциясы, азамат соғысы ерінде де қазақ халқы орыс пролетариатының соңынан ерді.

Орыстың алдыңғы қатарлы адамдары өз халқының мүддесімен бірге қазақ халқының мүддесіне де әрдайым терең назар аударды, оның да мүддесі ортақ мүдде деп қарады. Оған қол үшін беруден тартынбады, достық құшағын жайды.

Пугачев көтерілісін зерттей 1833 жылы Орынборға ұлы Пушкин келді. Ол сол өңірдегі қазақ аулында болып, туысқан халықтың тұрмысымен танысты. Теңіне қосыла алмай зарлаған қазақ қызының, талабы қырқылған қазақ жігітінің мұңын тындады. Ол мұңая отырып, «Қозы-Көрпеш — Баян-Сулу» жырын жаздыртып алды. Бірақ, мұны жыр етуге үлгірмей ұлы акын қыршын күнінде қазаға ұшырады.

Бұл екі халықтың ынтымағын патша үкметі де екі халықтың өз ішінен шыққан қанаушы табы да мейлінше жек көрді. Екі халықтың арасында ұлт араздығын қоздырып, талай іріткі де салды. Қазақтың бай мен бектері, молдалары орыс



3-балалар үйінде тәрбиеленушілер: Зәуреш Серікбаева, Зоя Әбдібаева, Нина Скворцова, Зоя Литвинова дем алып отыр. (Алматы.)

халқының ізгі ықпалынан қашырып, халқымызды ислам дінімен шырмап, керітартпа шығысқа пенде болуды уағаздап жанталасты.

Осы кезде қазақ даласынан біріне-бірі жалғаса, пәрменді үндер шықты. Орыстың демократиялық педагогикасынан суарылып, қазақ аулына орысша оқуды ұсынып ағартушы Ыбрай келді. Біздің тағдырымыз орыспен бір, бізге керітартпа шығыс жат деп Шоқан шықты. Білімнің көзі де, кілті де орыста, орыс мәдениетіне үңілгендер, міне, оның мәдени асыл қазнасы деп Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты ана тілінде ұсынып Абай жар салды.

Қазақ халқының ілгері ниетті ұлдары осы үндерге құлақ қойды. Олар жарық дүниеге, күреске бастаған орыстың таңдаулы ұлдарының достық ниеттерін көрді, құлақ асты, соңына ерді, аға тұтты.

Қазақ даласында ауылдан ауыл аралап, халық мұраларын жыйып В. В. Радлов жүрді. Ол Қазақстанды ұзақ жыл бойы зерттеп, бізге қымбат көп еңбектер қалдырды.

Қазақтың тілін де, салт-санасын да жақсы білген, мұны бір болған Г. И. Потанин да қазақ халқы үшін қыруар еңбек етті. Ол халқымыздың қалаулы ұлы Шоқанның жан досы болды. Атақты саяхатшы П. П. Семенов-Тяньшанский де Шоқанға үлкен әсер еткен. Бұлардың бәрі де қазақтың алдыңғы қатарлы адамдарына ізгі ықпал тигізіп екі халықты біріне-бірін жалғастырды.

Октябрь революциясы халықтар достығына кең есік ашты. Өктеп билігі халықтардың өз қолына тиді. Бұрын бір тудың астында еркін топтала алмай келген орыс, қазақ халқы

да етене боп бірігіп Лениндік—Сталиндік ұлт достығы саясатына бөленді.

Орыс халқы жаңаша тұрмыс құрған інісі—қазақ халқының бақытына қуана отырып, оған достық көмегін бұрынғысынан да күшейтті. Большевиктер партиясының басшылығымен жаңа тұрмыс құруда, техниканы меңгеруде, білім алуда, халық шаруашылығын өркендетуде қазақ халқына орыс халқы баға жетпес көмек көрсетті, іске үйретті, баулыды.

Халықтар достығы ұлы Отан соғысында сынға түсті. Лениндік—Сталиндік ұлт саясаты туы астында бекіп, мәңгі қалыптасқан халықтарымыздың достығы—мызғымады, ұлы достық жауды жеңуге бастады. Өз Отаны үшін қалай күресудің жарқын үлгілерін, көп ұлтты совет халқының достығы мызғымас достық екенін бүкіл әлем көрді. Москва түбінде 28 панфиловшы батырдың ерлік ісі, Ленинград, Сталинградты қорғаудағы совет жауынгерлерінің табандылығы—кімді таңқалдырмады. Осы сұрапыл шайқастардың бәрінде де орыс халқы ағалық қызмет атқаруда.

Міне, балалар, біздің советтік елімізде ұлттар достығы деген осындай ұлы арнаға күйіп отыр. Бізде мынау, ақ нәсіл, анау қара нәсіл деп шек қоя қарау деген атымен жоқ. Империаилстік ондай озбыр саясаттан совет адамы жиркенеді. Сталиндік конституция бізде әр азаматқа ұлтына, нәсіліне, тегіне қарамастан, ұлы право берген. Сол правоны қадірлеу—біздің өмір заңымыз. Кім де кім келешекте нағыз совет азаматы болғысы келсе, міне, осы правоны қадірлеу негізінде, жолдасты, досты қадірлеу рухында тәрбиеленуге тиіс.

М. ИМАНЖАНОВ



Әжелен

С. САҒАСҚАЕВ

Мұқаш тамақтанған соң киініп аулаға шықты. Аула ішінде Кәрім мен Жапар ойнап жүр екен. Кәрімнің ағасы жақында ғана сатып әперген кішкентай машинаны күм үстінде зырылдатып жүгіртіп жүрген ол екеуі ойынға беріліп, жан-жаққа көз салмайды. Ойын қызығы еліктірген Мұқаш жүгіріп олардың қасына келді.

Оны көрген Кәрім мен Жапар ләм деп жауап қатқан жоқ. Көзінің астымен жақтырмағандай бір қарап қойып, ойнай берді. Күнде бірге ойнап жүрген екі жолдасының бұлай өзгере қалуын Мұқаш күтпеген. Ол томсырайып ор-

нында тұрып қалды. Осы кезде ойыншық машина оның қасынан заулап өте берді де, кішірек бір тасқа тіреліп тоқтап қалды. Мұны көрген Мұқаш аялдаған жоқ, әлгі жәбірленгені ұмыт қалғандай жүгіріп барып, машинаны бөгеген тасты алып:

— Мына тас бөгеп қалды!—деді масаттанна, тасты аула ортасына қарай лақтырып. Бұрауы таусылмаған машина зыр етіп жүріп кетті. Кәрім мен Жапар, оның сөзіне жауап қатпастан қасынан өте шықты. Мұқаш қызарып кетті. Ыза болғаны сонша, көзінің алдына кі-

ші-кірім бұршақтай екі тамшы жас келіп, іркіліп тұра қалды.

— Жа-рай-ды!.. М-е-н кәзір... — деді де ол, ашына дауыстап, көзін жеңімен сүрте, үйге қарай жүгірді.

— Мұқаш, неге жәбірлендін? — деген дауыс оны есік алдында бөгеді. Жалт қараған ол аула қақпасынан кіріп келе жатқан Сәлиманы көрді. Сәлима көрші үйде тұратын. Ол мектепте отряд вожатыйы. Мұқаш Сәлимадай болуды қыялдайтын да. Сәлимамен ілесіп Жапар, Кәрім үшеуі екі рет мектепке де барған. Онда пионерлер бұларға ойыншықтар сыйлаған. Сәлима бірнеше қызық ертектен оқып берген, ойындар үйреткен.

Сәлиманың келгеніне Мұқаш қуанып кетті. Енді әлгі бір жағдай ұмыт қалғандай, жүзінде шаттық ойнады. Сәлимаға қарай асыра жүгірді. Кәрім мен Жапар да ойынын доғара салып, солай беттеді.

Сәлима жарыса келген үшеуін қақсыра құшақтап Мұқаштың әлгі бір қатты қапалана шыққан даусының мәнісін білейін дегендей, оған тесіле қарады. Бірақ, баланың нұрлы жүзі іренішті аңғартпайды.

Сонда да ол үшеуінің татулығы арасына түскен сызатты білуге бекінген Сәлима:

— Мұқаш, сен неге ренжідің? — деді үшеуіне алма кезек қарап.

— Кәрім мен Жапар бірге ойнатпады, — деді Мұқаш күбірлей, төмен қарап.

«Ал, енді сендер не дейсіндер?» — дегендей Сәлима Жапар мен Кәрімге бұрылды.

— Ойнатпағанымыз рас! — деді Кәрім батыл сөйлеп.

Кәрім «өзім Қожедубтей батыр боламын!» — деп тура айтып, батыл сөйлеуді ұнататын. Әдетте, ол көбіне Сәлима алдында өр мінезін көрсетпей тұйықталып, үндемейтін. Ал, оның дәл кәзір бұлай батыл сөйлеуін Сәлима алғаш естіп тұр.

— Не ойнап жүрсіндер? — деді ол.

Бұл жолы жауапты Жапар берді.

— Кәрімнің ағасының сатып әперген машинасын жүргізіп жүрміз, — деді ол Кәрімнің қолындағы машинаны көрсетіп.

— Кәні, қалай жүреді екен, — деп Сәлима машинаны алып, тетігін бұрады.

Тегіс құмның үстімен жіберген машина бөгелген жоқ, зыр етіп алға қарай ұмтылды.

Сәлима жанында бөгеліп тұрып қалған Мұқашқа қарап:

— Кәне, Мұқаш ана машинаны бері жүргізіп жіберші, — деді. Оның аузынан сөз шығуы мұн екен, Мұқаш тұра жүгіргенде:

— Мұқашқа машинаны ұстатпаймын, — деп Кәрім Мұқаштың алдын кескестей берді. — Сол



кеше папасы әкелген паровозды бізге көрсетпеді.

Мұқаш кілт тұрып қалды.

— Неге үндемейсің. Мұқаш, бұл рас па? — деді Сәлима оның басынан сыйпап.

— Мен оны сындырып алады екенмін деп тығып қойып едім, — деді Мұқаш кінәсін мойындағандай мұная сөйлеп.

Сәлима ақыл айта сөйледі:

— Оның жарамайды. Кәрімнің де машинасы жаңа ғой. Бірақ, ол ойнап жүр. Папаң саған ойнасын деп әкелген болар.

Мұқаш басын изеді.

— Олай болса, бірігіп ойнаңдар. Сен Кәрімнің машинасын жүргізсең, ол сенің паровозыңды жүргізсін. Енді араздаспаңдар.

Мұқаш үйден паровозын әкелгенде, аулада тек Кәрім мен Жапар тұр екен. Қара сырмен жалтыратып бояған паровозды ол екеуі кезек-кезек қолына алып қарап шықты, мақтап өтті.

Көп ұзамай-ақ үш бала ойын қызығына түсті. Жаңа бір әзірдегі оқыйға күн түскен мұздай еріп, ізі де қалмады.

— Мұның вагондары болса, қандай тамаша, жүк тасып ойнар едік, — деді ойын арасында Кәрім, паровозын ары-бері жүргізіп жүріп.

— Ол да дұрыс екен. Папам келген соң айтайын, — деді Мұқаш қостап.

— Онда біз эшелон ойнар едік, — деді Кәрім.

— Эшелон? — деді Жапар мен Мұқаш таңдана.

Кәрім бұлардан ересектеу. Көптеген жаңа ойындарды да шығаратын. Сол себепті бұл ойынды білмейтін Мұқаш пен Жапар білуге ынтыққандай, оның сөзіне құлақ түріп, жақындай отырды.

— Эшелон деп жүк тасыйтын үлкен поезді айтады, — деді Кәрім құшағын жайып көрсетіп. — Онда көп-көп жүк болады.

— Менің папам Жаңа кұрылысқа үлкен-үлкен машиналар алып кетті,— деді Мұқаш манадан бері Кәрімнен көз алмай қарап отырып.

— Еділ мен Донға ма?— деді Кәрім өзі атын білетініне мақтанғандай, даусын көтере сөйлеп.

— Жоқ, кұмды бұзып салатын жерге.

Мұқаш, атын еске түсірейін дегендей, сәл бөгеліп қалды.

— Е, Түркмен каналына ғой — деді Кәрім даусын соза.

— Ие, ие, — деді Мұқаш қуана, — онда бұрын тек кұмнан басқа ешнәрсә болмайды екен. Тіпті, өсімдікте өспейді екен. Енді, сол жерден су ағызады, дейді. Түрлі ағаштар өсіреді, дейді.

— Гүлдер де өсе ме?— деп Жапар киіп кетті.

— Ие, жақсы-жақсы гүлдер көп өсетін болады, дейді. Кұмды жояды, дейді.

— Әрине, жояды,— деді Жапар, — менің апам Еділ мен Донға жұмыс істеуге кетті. О, ол оқуды өте жақсы бітірді. Ана үш қатарлы үй бар ғой, сонда оқыды.

Кәрім өзінің білгіштігін көрсете түсейін дегендей:

— Сендер алып машиналарды білесіңдер ме? — деді.

— Әрине, білеміз, — деді Мұқаш, — Менің папам соларды алып кетті демедім бе?

— Ал, білсең, атын айтшы! — деді Кәрім.

Мұқаш білмейтінін бүгіп қалғысы келгендей:

— Өзің айт! — деп таласа түсті.

— Жоқ, сен айт!

— Онан да білмеймін де.

— Білемін, бірақ, әуелі сен айтшы!

Талас созыла-созыла олардың дауыстары қызу шыға бастады.

— Тағы не талас? — деді, кенет, есік алдынан Сәлима шығып. Сәлиманы көрген үш бала жым болды.

Сәлима балалардың қасына отырды да, олардың әңгімесіне араласты.

Әңгіме экскаватор жайында болды.

— Сонда ол машина осы біздің үйді де бірден көтеріп ала ма? — деді Жапар сөз арасында.

— Экскаватор ол тым күшті машина. Оның жүк көтеретін болат мойны 9 қатар үйдің биіктігіндей ұзын. Ал, оның басындағы дәу шөміштің ішіне мына Кәрімнің үйі түгел сыйып кетеді. Бір көтергенде, отыз тонна топрақты бірден көтереді. Тәулігіне 40 эшелонға топрақ тией алады.

— Ой-ой! — деді балалар тандана, — керемет қой!

— Оның салмағы 15 мың адамның салмағынан ауыр. Бір поезд әрең алып жүреді. — деді Сәлима сөзін соза түсіп.

— Мұқаш сенің мына паровозың оны тарта алмайды. Оның жұмыс істеуі үшін мына біздің қалаға берілетін барлық электр қуатындай қуат керек. Ал, Кәрім сенің машинаң да кішкентай. Қазір «ЯГИ» дейтін үлкен машиналар бар. Ол бір үйді бірден көшіріп кетеді. Егер жете білгілерің келсе, ертең біздің отрядта алып кұрылыстар туралы жыйын болады. Соған келіндер, — деді Сәлима сөзін аяқтап.


— Мен,— деді Сәлима кеткен соң Жапар, — осындай үлкен машиналарды жасайтын боламын.

— Мен,— деді Кәрім дауыстай айтып, — күшті машиналар жасап, жүргізетін боламын.

— Мен,— деді Мұқаш қыялдай сөйлеп, — алып кұрылыстарға алып машиналар алып баратын эшелондарды алып жүремін.

Ол көз аядынан машиналар тиелген жүйрік эшелондардың біреуін өзі алып бара жатқандай, жүрегі дүрсілдей соқты...





Алтын Қыстақ

Мирсад МИРШАКАР.
Тәжік ақыны

(Поэмаңыз қысқартылған түрі).

Меймандос, әрі әзілқой қарияның
Үйінде бір түн қонып, таттым дәмін.
— Памирда туып, өстім,— деп бастады ол.
Жазып ап, жыр еттім мен айтқандарын.
— Осы бір хикаяны көп жатталған
Жасымда айтқан еді әкем маған,
Естіпті әкем оны атамыздан,
Атама айтса керек арғы бабам.
Әйтеуір бір қыстақты мекендеген
Бір пенде, дүниеден кетем деген,
Шақыртып көршілерін, кешу сұрап,
Бір сырын баяндапты шертілмеген.
«Айтайын, тыңдаңыздар, ағайындар!
Сонау бір жігіт кезде қайратым бар,
Аң аулап жүргенімде бір бұғыны
Қудым кеп, тарқағанша шіркін құмар.
Соқтырды бұғы мені тауға-тасқа,
Еш айла болмады енді шаршамасқа,
Тәулікке тыным алмай, талып, шөлдеп,
Жығылдым, тұла бойым қақсамас па?!
Мол жатып сол жатқаннан, көзімді ашсам:
Тұр жайнап айнала тау, ашық аспан,
Күмістей қар жамылған құзар шыңнан
Ғажайып өзен көрдім қайнап-тасқан.
Қарасам, келеді бір жүзіп алма,
Дәл ондай алма өспейтін біздің маңда,
Қызығып қарай бердім, аң-таң қалып,
Ойнатып, төңкеріліп алақанда.
«Сен қалай болдың пайда, қызыл алма,
Шырынды, шырайлы-ақсын қарағанда,
Әлде бір қыстақ бар ма осы маңда?
Кім қыстақ салушы еді мұз бен қарға?»
Ғажайып түс көргендей қалдым жатып,
Қоймайды мені еркіме, таңырқатып,
«Іздейін не болса да» деген оймен,
Жөнелдім, орынымнан тұрдым да атып.
Қалайша екенін де өзім білмен.
Құлпырған сансыз гүлге кез келдім мен,
Тас емес, тұрдым ұстап мына қолмен
Кәдімгі қызыл гүлді нұр гөгілген.
Алдымнан әлдеқандай шықты адамдар,
Біздердей емес сорлы, бақытты олар.
Қыс пен жаз, тас пен суық тілін білген
Бір солар не тілесе — бәрі болар.
Алтыннан жасап берген ыдыс-аяқ,
Ұстайды алтыныңды құндамай-ақ.
Еркінше ойнайды екен балалары,
Жасынан көрмей қағу, жемей таяқ.
Біріне бірі бауыр, тату-тәтті.
Әйелі еркін екен, бір сымбатты.
Еңбектен қашпайды екен бірде бірі,
Еңбексіз татпайды екен бал-шарбатты.

Жер емес, ұжмақ заңы емес пе бұл:
Адамы болмайды еш қарттыққа құл,
Қысы мен жазы бірдей, айырма жоқ,
Береке, бақыт сеуіп өтеді жыл.
Умыта қойған жоқпын, есімде айқын,
Сол жерді Алтын Қыстақ деп атайтын.
Татқамын пейіш дәмін, дихандарым,
Отырып дастарханға ортаймайтын.
Бал мен май, қант пенен шай, алуап тағам,
Есімде, сол адамдар тартқан маған.
«Қайғысыз, михнатсыз, бізбен бірге
Тұра бер», деп сол қауым айтқан маған.
«Жоқ ешбір рахаты, күн көрері,
Еліңнің берекесіз не керегі,
Қорлыққа қайта оралып не қыласын,
Умыт сен үйінді де» деген еді.
Берермін нендей жауап, мен не дермін?..
Тұқырып, көздің жасын төге бердім.
Ақыры шынымды айттым: «абзал жандар,
Бақытты, азатсыздар! Құрмет көрдім.
Қайтейін, қала алмаймын, амал бар ма,
Сорлы әкем күтіп отыр мені анда,
Қайғысы, қасіреті мойнымда,
Қайырсыз туған жерде аң урсам да.
Талдырмаш жас шыбықтай бекімеген
Жүр аңсап балаларым жетілмеген,
Қайғы өртеп, зәбір көріп жүре ала ма,
Сөз естіп әркімдерден «жетім» деген.
Ол қауым бұл сөзіме қалды налып,
Түп-тұнық тыныштығы ылайланып,
Күрсіне көкірегіме қарап бірі,
Көзімді орамалмен қойды танып:
«Тұтқында емессің сен, үйіне бар,
Күтеміз үй-ішінмен оны да аңғар,
Кетерсін қонақ болып, туыстасып,
Жолыңды болсаң егер қайта табар.
Бұл жерде мекендесіміз біз жасырын,
Ашпаймыз жолдың бетін, жөннің сырын,
Өзің тап бұл мекенге келер жолды,
Жол болсын! Өкпелетсек, ет кешірім».
Жолсызбен жөней тартып, жеттім елге...
Жарқ етті жаман үйім мен көлгенде.
Пейішке алыстағы үй-ішімді
Әкетпек болып түстім сергелдеңге.
Көтере алармыз ба жол азабын,
Бір тәңір арқалатса мол азабын.
Не суық, не бір пәле алдан шығып,
Қайтеміз бұл сапарда болсақ жазым.
Өзенге кетпес пе екен жартас құлап,
Күз көпір¹ опырылып түссек сұлап,

¹ Күз көпір — күздардың арасынан салынатын көпір.



Жартастан жазатайым жалт құласақ,
 Жас балаң, бүркіт бүріп, жатса жылап...
 Жарлы боп сүрдім өмір, жарлы өлемін,
 Екен ғой бақытсыздық бар көрерім,
 Балам да, немерем де — бәрі жарлы,
 Алыссың шібің бақыт, күңіренемін...
 Қайдасың, Алтын Қыстақ, уа дариға!
 Қайдасың асау өзен жалы бұйра?...»
 Осыны айтты да ол дүние салды,
 Қалды орнап көкіректе бұл уақығға.

* * *

...Сол бір жер нұрлы көктем, сарша тамыз,
 Пейіштей пендесіне болған нағыз,
 Сол кезден «көкей кесті» күйдей тарап,
 Памирдің елдеріне болған аңыз.
 Ежелден аш-жалаңаш Памир халқы,
 Халімен қайыршылық шыққан даңқы,
 Қыялсыз тұра ала ма адам тегі,
 Сол жерде аңыз ету болған салты,
 Ақындар жырға қосқан тамылжытып,
 Әншілер көңілді ашқан жабырқаңқы.
 Дауылды, борасынды, көк нәсерлі
 Жол кешіп, табамыз деп сол бір жерді,
 Үзілген талай қыршын ізсіз-түзсіз,
 Адасып тау ішінде әрлі-берлі...

* * *

Біреуден артық та емес, кем де емес,
 Жасымда жігіт болдым жеме-жемдес,
 Есейе келген сайын түйықтандым,
 Тастаққа ектім егін өнім өнбес.
 Білмедім Алтын Қыстақ жолы қайда,
 Я жақын, я алыстан ұшырай ма?..
 Бар еді бір қайратты туысқаным,
 Сөз қаттым соған келіп бір ыңғайда:
 «Бауырым, құрысын бұл иттік өмір!
 Шірітті жейдемді де тер менен кір,
 Лашығың сенің дағы бітті тозып,
 Үстінен жартас төніп басқалы тұр.
 Бір уыс арпа екен егіміз...
 Келмесе бұл арада босқа өлгіміз,
 Тілімді ал, тез кетелік осы жерден,
 Ізделік сол бір Алтын Қыстақты біз.»
 «Мен дайын» деп салды ол бөгелместен
 Қосылды он шақты адам көп жерлестен,
 Бөлініп әр тарапқа жол іздейміз —
 Келістік осылайша бір кеңеспен,
 Алдыңнан кім де кімнің шықса бақыт,
 Хабарын берсін деп ол — болдық шешкен...

Шарафжан дейтін менің жалғыз ұлым
 Көз жасын төге берді таппай тыным,
 Жылады түні бойы әйелім де,
 Сертім бар алған беттен қайтпайтұғын.
 Табарсын астық қайдан, шықпаса егін,
 Азыққа алдым қышқыл ривож шөбі¹:
 О дағы жолаушыға нәр болатын,
 Осылай шықтық жолға тауып ебін.
 Түтеген, қап-қара боп, тозақ жұтып,
 Сан елдің соқпағы мен жолын ұтып,
 Барыппыз Балхыға да Ирандатып...
 Тянь-Шанның жайлауларын орағытып.
 Герируд² өзенінде барыс андып,
 Қутылып одан дағы, кеттік қаңғып.
 Байларға жалдандық та, мал да бақтық,
 Кейде орын мак сабағын, үсті шаң қып.
 Жолымыз көбінесе тау арасы,
 Табанды қызыл-жоса тілген тасы,
 Алай да, былай жүріп көргеніміз —
 Болды тек қасірет-қайғы, көздің жасы.
 Кездесер қайыршылық қайда барсаң,
 Қу өмір берекесіз, әуре-сарсаң,
 Жас едік біз кеткенде елімізден
 Қайратты ек, қажымастай тасқа салсаң,
 Қартайдық қалжырадық амал қанша,
 Таппадық сол бір жерді, жортып аңша.
 Көз жұмып қалды баурым мұзды шында,
 Дірілдеп сөнді менің жұлдызым да...
 Құр сұлде қала бердім, қаусағандай,
 Таусылып тынысым да, ырзығым да.

Сәбидей қалт-құлт басып қалыппын мен,
 Жынданып, естен-түстан таныппын мен...
 Күндердің күнінде бір әлдеқалай
 Туған жер, мекенді еске алыппын мен.
 Бірақ мен таба алмадым қайтар жолды,
 Түстім де сергелдеңге болдым сорлы.
 Адамнан аулақ қашып үңгірге ендім,
 Құрысып аш құзғындай, тәнім солды.
 Сарғайып, бас айналып, өзек тартып
 Қайратты бойымдағы болдым сарқып,
 Жаттым мен жапырақтай солып, семіп,
 Үзіліп түскен жерге, күн қуартып...
 ...Алтын ба, алмас па әлде мың құбылған,
 Шырын ба, нұр ма әлде шалқып тұрған,
 Жартастан жарқ етті бір ражап дүние,
 Жарысып сансыз сәуле көз тұндырған.
 «Мінеки, Алтын Қыстақ!» деп айқайлап,
 Құлшынып қарай бердім көзім жайнап.
 Сұйылып қараңғылық, таң да атты,
 Қайырлы жолға түсіп, бастым жайлап.

Сыңқылдап бұйра бұлақ сыр шертеді,
 Есіме түскендей-ақ бір ертегі,
 Бұлақтың тілін ұғар мұршам бар ма,
 Аруақпын жалба-жұлба екі етегі.

Айналам атлас кілем неше алуан,
 Гүл екен, кілем емес, шалқып тұрған,
 Көріңді одан әрі егін жайлар,
 Ақ мақта ақша бұлттай аударылған.

Еркелеп еседі жел шаң шығармай,
 Мәуелеп өскен ағаш дәл шынардай,
 Қаз-қатар тізілген үй су бойында,
 Қарасаң сәулетіне көз тунардай.

Жайнаған қызыл шоқтай жемістері
 Жайқалтып бақша өсірген үй күр қалмай,
 Сумбулдың³ иісінен маужыраған,
 Жүр ұшып аралар да бал жыйнаған.

¹ Ривок шөбі — ас болатын шөптің бірі.

² Герируд — Ауғанстандағы өзен.

³ Сумбул — иісті, ұсақ гүлдердің бір түрі.

Қыз бала келе жатқан көріп мені,
«Ойпырмай!» деді, қысып көкірегі,
Бір сасып, бірде күліп, аң-таң қалып,
Көзімен жеп барады мені тегі.

Уялып, қысылсам да сыр бермедім,
Дауысым зорға шығып: «қызым», дедім,
«Пендемін үйсіз-күйсіз жүрген қаңғып,
Шарладым талай жұрттың ізін» дедім.
«Егер бұл ұжмақ болса,— енгіз мені,
Жер болса, айтшы, қалқам, кімнің жері»
Әлгі қыз келді ертіп бір жігітті,
Теңгерем тұлғасына тау бүркітті,
Қолында қаламы мен кітабы бар,
«Кімсің» деп сауал беріп, жауап күтті.

Арыммен, адалдықпен, турасынан,
Бәрін де баяндадым түү басынан,
«Қарағым, өзің кімсің?» деп сұрадым,
Көз алмай сүйкімді жас тұлғасынан.
«Мең, әке-ау, Шарафжаның» дегенде ол,
«Балам!» деп шырылдадым, қалтырап қол.
«Осы ғой Алтын қыстақ дейтуғын жер
— Келіппіз екеуміз де, пәруардігер,
Сен қалай таптың мұны, жаным балам,
Келді ме сорлы шешең, тез жауап бер.»
Дегенше жыйылыпты жұрт ағылып,
Сөйлейді балам мені аң-таң қылып:

«Әкетай, жыламашы, кел өзіңе,
Сіз тұрсыз туған жерде, сен сөзіме.
Бұрынғы ескі қыстақ орнындасыз,
Тау-тасы басылмай ма өз көзіңе.

Баяғы өзіміздің ескі лашық
Жұртыңда осы кәзір тұрсыз басып.
Жыйырма жыл сіз кеткелі бұл арадан,
Қайттыңыз қыял қуып, көп адасып,
Бақытты, мейірбанды бір ел бар деп,
Өткізіп, өмірінді, қажып, жасып.

Жерде де, жұлдызда да тұрған даяр
Бақыт жоқ, тәңір де жоқ сізді аяр,
Жалынып жоқты қайдан таба аларсың,
Адал күш, адал іспен жан марқаяр.
Сіз тұрсыз жеріңізде өзіңіздің,
Алдында жатқан жайнап көзіңіздің
Гүл бақша, сонау мақта, салтанатты үй,
Ісіміз, еңбегіміз осы біздің.

Ырқына адамзаттың бір көнбеген
Айғырдай асау тасқын жүгенделген,
Көпірдей ер салған соң арқасына,
Аратын болды ақыры айтқан жөнмен.
Ғажайып сансыз сәуле мың құбылған
Сыйқырмен шыққан емес қараңғыдан,
Чангі мен рубаб¹ сынды күй шалқыйды
Жоқ ешбір кереметі және мұның.

¹ Чанг, рубаб — музыка аспаптары.



Сөзіме иланыңыз жалған емес.
Бұл ара ұжмақ емес, жан жоқ өлмес.
Көрдік біз көп қыйындық, өлді шешем,
Басына ектім ағаш, өсті дербес...

Тым ауыр болды әрбір қадамымыз.
Біткен жоқ Алтын Қыстақ арманымыз,
Жолымыз алға апарар жатыр сайрап...
Жүр, әке, үйге барып дем алыңыз».

Осылай Шарафжаным деді маған.
Ілесті соңымыздан барлық адам.
«Боламыз бір тұратын бұдан былай,
Кілемге жантайыңыз, жайды балаң,
Қиіңіз менің таза көйлегімді,
Тастаңыз бұл шапанды жалбыраған».

«Кетпөнім қайда, балам,— дедім — менің.
Жарамас қайыршыдай бұл келгенім,
Қайда екен ескі шотым, бұл арада
Келіспес еңбек етпей сенделгенім.»

Түс емес мұның бәрі өңім, аян,
Қолхозы Сталиннің болды саям.—
Деп едің Рушанның бір қариясы,
Жазып ем жырға айналды бұл хиқаяң.

Жапрақ жаңартса да жылдан жылға,
Емендей өсе берер сол қалпында,
Өмірде көргені көп, өлмегі жоқ
Халқың ғой бақытын да, қуатың да.

Аударған: Қасым АМАНЖОЛОВ.



КЛЕТКА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІРІ ЗАТТАН ҚҰРАЛУЫ

Дүниедегі барлық жәндіктер мен өсімдіктер денесі клеткалардан құралған. Сондықтан осы, сансыз көп организмдер арасында тумаластық, жақындық бар, олар ұзақ жылдар бойы даму нәтижесінде бірінен-бірі пайда болған. Сондықтан адамның да денесі сансыз көп клеткалардан құралған. Олай болса, клетка дегеніміз биология ғылымында аса бір маңызды мәселе болып табылады.



О. Лепешинская.

Клетка, оның құрлысы және тіршілігі атам заманнан бері зерттеліп келеді. 1834 жылы орыс ғалымы Н. Ф. Горяинов клетка теориясының негізін қалады. Сол ғалымның жәндіктер мен өсімдіктер денесі клеткалардан құралғандығын айтты. Осы клеткалар өзара бірігіп, қосылып бірыңғай қызмет атқаруға бейімделіп, ұлпа (ткань) системасын құрады.

Организмдердің клеткадан құралғанын ашуды, Энгельс аса жоғары бағалады, оны 19-ғасырдың жаратылыс тану ғылымдарының ұлы табыстарының бірі деп санады. Клетканы ашу ғылымның зор табысы, өйткені клеткаға бүкіл органикалық дүниенің—жан-жануарлардың ілгері қарай даму идеясы ұштасады. Сөйтіп алғашқы кезде клетка жөнінде дұрыс, материалистік көзқарас болатын.

Кейіннен 19-ғасырдың орта шенінен бастап неміс ғалымы Вирхов клетка жөнінде реакция-

шыл, дінге сүйенген, теріс пікір тарата бастады. Осындай шын ғылымға ұш қайнаса сорпасы қосылмайтын, ғылымның ілгері өркендеуіне үлкен бөгет жасаған жалған теория 100 жыл бойы биология мен медицинада үлкен өріс алып келді.

Вирхов, органикалық дүниеде — өсімдіктер мен жануарлар арасында ешқандай даму жоқ. Клетка әуелде «күдіреттің» күші мен жасалған, сондықтан «ол тіршіліктің негізі, кілті,» тіршілік тек қана клеткаға байланысты, онсыз жерде ешқандай тіршілік болуға мүмкін емес, деді. Осыған байланысты организм денесінде клеткалар қалай көбейеді, жана клеткалар қайдан пайда болады? — деген сұрақтар туады. Бұл сұрақтарға Вирхов теріс жауап берген. «Клетка клеткадан туады, клеткалар бөліну арқылы көбейеді, сондықтан организмнің өзі сол клеткалар жыйнағы, клетка «үкметі» — деген. Осы теріс пікірден, организмдердің өсіп-өну және олардың ілгері даму жолдарын идеалистік, механистің көзқарастың шеңберінен талқылау туады.

Вирховтың идеалистік теориясы Вейсман мен Морганның реакцияшыл теріс бағыттарына негіз және тірек болды. Вейсман-Морганның көзқарастары фашистердің нәсілдік теориясына «ғылми» — негіз болып, олардың басқа елдерге соғыс жариялап, көптеген адамның құрбан болуына себеп болды. Қазірдің өзінде соғыс өртін тұтандырушы ағылшын-американ империалистері вейсманизм — морганизмді өзіне тірек етпекші. Біздің совет елінде вейсманизм—морганизм бағытына қатты соққы берілді, ол биология ғылымдарынан қуылып тасталды.

Мичуриндік ғылым биологияның қай саласында болса да жеңіп шықты. Солай бола тұрса да соңғы уақыттарға дейін Вирховтың идеалистік теориясы биологияда сақталып келді, оған ешқандай соққы берілмеді. Бұл міндетті совет ғалымы большевик-профессор Ольга Борисовна Лепешинская ойдағыдай орындады. Профессор О. Б. Лепешинская 18 жыл бойы клетканың қалай пайда болатынын зерттеді. Өзінің осы көп жылдар бойы шыдамдылықпен, табандылықпен жалықпай жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде ол тамаша табыстарға ие болды, ғылымға клетка жөнінде орасан жаңалықтар енгізді.

О. Б. Лепешинская ең алдымен Вирховтың әрбір клетка өзі секілді клеткадан туады деген қозғарасының қателігін ашты. Мұнымен

қатар осы көзқарасқа байланысты оның көптеген теріс пікірлерін ашып, олардың биология ғылымдарын ілгері дамуына бөгет болғанын тайға таңба басқандай етіп анық көрсетіп берді.

О. Б. Лепешинская клеткалардың жасалуы туралы жаңа теория шығарды. Ол теорияның негізін қысқаша былай түсінуге болады. Клетка, клеткалардың бөліну арқылы көбеюмен қатар тікелей тірі заттардан (белоктан) да пайда болады. Бұл жөнінде екі мысал келтірелік: жұмыртканың ішінде ұрық және оны қоршаған сары зат—белоктар бар. Соңғы уақытқа дейін, ұрық өсіп балапанға айналғанда, оның маңайындағы белок заттарды оған тек қан қорек болады деп түсініп келдік. О. Б. Лепешинская жұмыртканың сары заты — белоктың жаңа қасиетін ашты. Осы белок заттарынан бірте-бірте даму арқылы жаңа клеткалар пайда болатынын көрсетті. Сөйтіп, клеткалар, клеткалық түрі жоқ тірі белоктардан тікелей, бірден пайда болатыны дәлелденді.

Тіршілік, Вирхов айтқандай, жалғыз ғана клеткаға тән нәрсе емес, ол клеткасыз заттарда да болатын қасиет. Сөйтіп, профессор Лепешинская клеткадан төменгі, клеткаға жетпеген тіршілік түрін ашты, одан жаңа клеткалардың қалай пайда болатын жолдарын көрсетті. Профессор Лепешинская өзінің теориясын бұдан да басқа әлденеше тәжірибелермен сыйпаттады.

Тірі заттар, тірі материалдар әрбір клетканың ішінен табылады. Оны ғылымда протоплазма деп атайды. Осы протоплазманы өлтірмей, клеткалардан бөліп алып, оны белгілі бір жағдайға қойып қоректендірсе, одан жаңа клеткалар жасалатыны толық көрсетілді. Бұған О. Б. Лепешинскаяның төмендегі тәжірибе-

сі дәлел. Суда мекендейтін тәмен сатыдағы, жабайы жәндіктер — гидралар келіге түйілді ұнтақталды. Бұл жағдайда гидралардың барлық клеткалары бұзылды. Микроскоп арқылы бақылағанда ешқандай сау қалған клетка байқалмады.

Осы айтылған тәртіппен әзірленген «сұйық протоплазманы» керекті қорек заттармен қоректендірсе, одан жаңа клеткалар құралатыны байқалды. Жаңадан құрылған клеткалардың дағдылы клеткалардан ешқандай айырмашылығы жоқ. Оларда да протоплазма мен ядро бар, осы мен қатар бөліну арқылы көбейетін қасиетін бұлжытпай сақтаған. Кейбір жаңа клеткалар бөліну арқылы 30—35 клеткалы құрамға айналған.

Лепешинскаяның клетка жөніндегі жаңа теориясы совет ғылымның, әсіресе мичуриндік биология ғылымының озық табысының бірі болып саналады. Бұл теорияның маңызы өте зор. Бір жағынан Вирховтың идеалистік көзқарастарына соққы берілсе, екінші жағынан клетка туралы материалистік, дұрыс теория шығарылып отыр. Осымен қатар О. Б. Лепешинская еңбектері дәрігерлік жұмысына үлкен көмек тигізеді. Рак наукасын емдеуде, жараны жазуда адамның қанын қолданудың зор пайдасы барлығы байқалды. О. Б. Лепешинская өз еңбектерін эрқашан да Ленин, Сталин іліміне байланыстырып, диалектикалық материализм көзқарастарына сәйкестендіріп жүргізді. Большевиктер партиясы мен совет үкметі ғалымының еңбектерін жоғары бағалады. О. Б. Лепешинскаяға осы ғылыми еңбектері үшін Сталиндік сыйлық берілді.

Т. ДАРХАНБАЕВ,

биология ғылымының кандидаты.

ЖҮЛДЫЗ ТУРАЛЫ ОЙ

Уясына ал қызыл
Шашағы алтын күн кірді.
Күміс кірпік көп жұлдыз
Көлге көз сап телмірді.
Көл ішінде бас қосқан
Көр дегендей көркімді.
Күлім қағып тұс-тұстан
Қызықтырды Еркінді.
Сол бір кезде бас салды
Устаймын деп жұлдызды.
Күмп беріп суға балақай,
Турған жұртты күлгізді.
Сөзбе екен суға малшыңса,
Жоқ қой оның уақасы.
Деуменен тұр «кел, көкем»,
Оған мәз боп апасы.

«Бала бөбек — бал бөбек
Бала ананың жүрегі»
Айтпай-ақ сезді апасы
Не екенін бала тілегі.
Не себепті жұлдызға
Кұмарланды жас бала
Бұл әзірше сыр ғана
Апасынан басқаға.
Апасының жұлдызын
Сұраса Еркін, бермеңі
Сондықтан ба, кім білсін,
Өзі жұлдыз іздеңі.
Қандай жақсы арманы
Еркін өскен Еркіннің...
Сөз жоқ оның алмағы
Ер жеткен соң ертен күн.

Қ. МҰҚЫШЕВ.

ӘРІПТЕРДІҢ СЫРЫ

БӨБЕКТЕР ҮШІН

(С. Маршактың ізімен)



А Алтай — бала дәргері,
Аурудан сақтар ол мені.

Б Бавыржан — сақшы-жауынгер
Батырым деп сенген ел.

В Вова мастер мен дейді,
Вагондарды жөндейді.

Г Гүлжамила бақшашы,
Гүлге толған бақшасы.

Д Дүлдiл аттар баптаған
Дәрмендi жұрт мақтаған.

Е Егіншіміз Елубай,
Еңбегі көп, өнім бай.

Ж Жомартта бар «Әліппе»,
Жомарт жетік әріпке.

З Заводтың озат аламы
Зәкидің сәтті қадамы.

И Ирина кенді іздейді,
«Инженер мына біз», дейді.

К Капитан жас Төлеген
Каспийде жүзген кемемен.

Л Лүкман шахтер ел білген,
Лаванда көмір өндірген.

М Мектепті жақсы көреді,
Мертай сабақ береді.

Н Нағыз биші өнерпаз
Нүрсұлудай биші де аз.

О Оспанның еккен орманы,
Орман — егін қорғаны.

П Паровозшы Мәулеткеш,
Поезы жүйрік жел жетпес.

Р Роза шықса ән салып,
Риза оған бар халық.

С Санитар қыз Асылжан,
Сумкасын көрші асынған.

Т Төлеубай — турист алғыр жас,
Тоқтаға алмас тау мен тас.

У Уфаға барып оқыған,
Уля жібек тоқыған.

Ф Футболға жастай құмартқан
Фарид допты дәл қаққан.

Х Хабиба — сумка көтерген.
Хат-хабар күнде әкелген.

Ц Цирктегі жонглер
Цезарьді бүкіл ел білер.

Ч Чкаловтың ұопағы, —
Чекалин неден қорқады?!

Ш Шахматшы болсаң келе ғой,
Шоқанды қане жеңе ғой!

Щ Щорсты көрдім кинодан,
Щорстай мен де ер болам.

Ы Ыдысты саздан жасаған
Ықлас — маман, жас адам.

Э Эрик өнер үйренді,
Электрик ол енді.

Ю Юнга үлкен теңізде,
Юра осал дерміз бе...

Я Яша — танкист кешегі,
Ялтада көзір деседі.

І Илияс — іскер балташы,
Іс-ақ қой анау партасы!

Қ Қайратжан қой бағады,
Қойы егізден табады.

Ғ Ғажап бояу жағады,
Ғали сурет салады,


Ү Үйлер салған әдемі,
Үміт неткен пәле еді!

У Умсынай — ұшқыш ержүрек,
Унайды оған зәулім көк.

Ө Өнері оның алуан,
Өміртай — боксер, палуан,

Ә Әнуар ісін біледі,
Әдемі етік тігеді.

М. ӘЛІМБАЕВ.





Павлодар қаласы, 10-қазақ орта мектебінің оқушысы
Т. Жақсыбаевтың сұрағына жауап.

„Жұлдыздық ағуы“

Балалар, айсыз, ашық түнде аспанда жұлдыз жарқ етіп ағып барып жоқ болғанын талай рет көрген баларсыңдар. Бұл құбылысты жұрт «жұлдыз акты» дейді. Бірақ, «жұлдыз акты» деу дұрыс емес. Өйткені, жұлдыз — орасан үлкен, жанып тұрған отты шар. Біздің көріп жүрген Күніміздің өзі сол жұлдыздардың бірі. Ал, Күннің аумағы Жердің аумағынан 109 есе үлкен. Күннің үстіңгі бетіндегі ыстықтық 6000 градусқа жетеді.

«Аққан жұлдыз» — бұл тек жер үстіндегі ауа ішінде жарқ етіп жанып кеткен тастар мен құмдардан пайда болған сәуле ғана. Мұны астрономия ғылыми метеор дене деп атайды. Мұндай денелер күн айналасында сансыз көп. Олар Күнді айнала қозғалатын Планеталарды торуылдап айнала қозғала береді.

Біздің Жер Күнді айнала қозғалғанда әлгі қаптап жүрген метеор денеге соқтығады. Әрине, өте тез шапшаңдықпен қозғалатын бұл ұсақ денелер жолдағы келергілерге соқтығысып жанады. Метеордың жер бетіндегі ауаға соқтыққандағы шапшаңдығы, шамалап айтқанда, артиллерия снарядының шапшаңдығынан 100 есе артық. Сонмен өте шапшаң ұшып келе жатқан әлгі кішкентай дене жер бетіндегі ауаға соқтығады да, өте қатты қызынып, жер бетіне 70 — 100 километр қалғанда жанып кетеді. Міне, сол лып етіп жарық берген кішкене дененің жануын жұрт «жұлдыз акты» деп атайды. Тәулігіне жер бетінде 100 миллиардқа дейін метеор дене ауаға соқтығады.

Ашық түнде бір сағатта кемінде 6—7 метеорды көруге болады. Қайсы бір уақыттарда (мысалы, 10—12 август, 16—17 ноябрь күндері) одан да көп көруге болады. Және осы уақыттарда қадаңдап бақылаған адам барлық мете-

ордың бір жерден шығып тұрғанын байқайды. Жылдың белгілі бір мерзімінде метеордың бұлайша бір жерден көрінуі метеор ағымы деп аталады.

Тарихтан метеордың өте көп болған кездерін де білеміз. Онда метеор жаңбырша жауған. Мысалы, 1833 жылы ноябрьдің 13-інде осындай оқыйға болған.

Россияда 1926 жылы Улы Устюг қаласының үстінде метеор жанған.

Метеордың өте үлкен түрде де кездесетіні болады. Сондықтан ол жерге түскенше жанып та үлгірмейді. Метеор аспанда жанып үлгірмей жер бетіне түссе, оны метеорит деп атайды. Біздің Отанмыздың жеріне 1908 жылы Тунгусс метеориті және 1947 жылы Сихотэ—Алин метеориті түсті.


Дін метеориттің түсуін құдайдың әмірі деп түсіндіреді. Метеорит түскен жерлерге шіркеу, мешіт салғандар да аз болмаған. Сөйтіп, дін адамдары ондай орындарды халықтан қаржы түсіріп, пайдаға бататын кәсіпке айналдырған.

Метеориттерді жыйнайтын, зерттейтін, сақтайтын біздің елде арнаулы мекеме: — Метеорит ісі жөнінде комитет бар. Қазіргі кезде ССРО Ғылым Академиясының минералдар зерттейтін музейінде сан мың метеорит бар. Олардың жалпы салмағы 30 тоннаға жуық.

Сан алуан метеоритті химиялық жолмен зерттеу, олардың жер бетінде бар химиялық элементтен құралатынын көрсетті. Мұның маңызы өте зор, өйткені, бұл әлемдегі заттың бірыңғай тектес екендігі туралы біздің материалистік болжауымызды анықтайды. Сонымен қоса бұл жердің әлемдегі орны өзгеше деген діни адамдардың жалған пікірін әшкерелейді.

М. ГАЗИНОВ.

физика-математика
ғылымының кандидаты.



ОНДАТРА

Ондатра — кішкентай ғана аң, салмағы 800 — 1100 грамнан аспайды. Бұл аңның алғаш шыққан жері — Солтүстік Америка. Ол солтүстікте Аляскадан бастап, оңтүстікте Миссисипи өзенінің сағасына дейінгі жерде мекендейді. Ондатра жағадағы миуалы өсімдіктерді жайлап, құрылық пен суда бірдей тіршілік етеді.

Ондатра өсімдікпен қоректенеді. Оның негізгі қорек ететін өсімдігі — қамыс, қоға және тағы басқа өсімдіктер. Ондатра «күрке» сыяқтандырып жағада қазылған інде немесе су тасығанда батып кететін аралшықта, салынды арасында, қамыс қорында жүреді. Жаз айларының өзінде 2—3 рет балалап, өте жиі өсіп-өнеді. Бір жолы 4—15 ке дейін бала табады. Көпшілігінің баласы сегіз-тоғыздан аспайды.



Совет Одағында өсіру үшін ондатра ең алғаш 1928 жылы Канададан әкелінді. Ол суық Арктика жағалауларынан бастап, еліміздің оңтүстік шекарасына дейін, Фин бұғазынан Охот теңізіне дейінгі жерде өсіп-өнетін болды.

Ондатра Қазақстанға 1935 жылы әкелінді. Ол республикамыздың барлық ірі көлдерінде және ұсақ көлдердің көпшілігінде, Іле, Сырдария, Ақсу, Қаратал өзендерінің атрабында жайлайды.

Қазір кең байтақ еліміздің өзендері мен көлдерінен жыл сайын миллиондаған ондатра ауланады. Олардың терісі ондаған миллион сом тұрады. Ондатраның өзі де — сұлу аң. Ал, оның терісін құндыз, теңіз мысығы сыяқты аңдардың терісіне ұқсатып өңдегенде, тіпті құлпырып кетеді.

Қазақстанда ондатра өсіруде айрықша еңбек сіңірген бір топ қызметкерлерге быйыл Сталиндік сыйлықтар берілді.

А. ПЕРЕВАЛОВ.



Ташкент жазы



БІЗДІҢ ОҚУ-ТӘЖРИБЕ УЧАСТКЕМІЗ

Үкімет пен партиямыз ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасауға айрықша көңіл бөліп отыр. Ауыл шаруашылығына атсалысу—мектеп оқушыларының да игілікті істерінің бірі. Қазіргі миллиондаған оқушы келешекте ауыл шаруашылығының маманы болып шығуы сөзсіз. Сондықтан да біздің Ертіс орта мектебінің оқушылары (Павлодар облысы) өздерінің мектептен алған білімін тәжірибе жүзінде іске асыру мақсатымен мектеп жанынан оқу-тәжірибе участогін жасап алды.

Біз оқу-тәжірибе участогін жасауды қалай ұйымдастырдық?

Мектептің барлық оқушылары қатысқан жыйналыста оқу-тәжірибе участогінің маңызы жайында баяндама қойылды. Бұдан соң, оқушылар өздері учас-ток жұмысына атсалысатындығына тілек білдірді.

Алдымен шұрайлы топырақты жерден учас-токке лайық ұзындығы 60 метр, көлденеңі 40 метр жер дайындалды.

Енді осы жерді учас-токке лайықтап, жобаладық. Онда мынадай ережеге сүйендік: учас-ток сырттан қарағанда көркем болуы керек, барлық жұмыс орнына жүріп тұруға соқпақтар салдық. Учас-токте бір метр де бос орын қалдырылған жоқ. Бұдан кейін жұмыс істейтін құрал даярладық. Біздің участогімізде 20 күрек, 5 лейка, 15

тәшке, 10 тырнауыш, 10 шелек және басқа құрал-саймандар бар.

Ал, жұмыс істейтін оқушы балаларды күш қабілетіне, біліміне қарай бөлдік.

Жерді жыртып, топырақты өңдеу, ауыл шаруашылық дақылдарын себу жұмысын биология сабағының мұғалімінің басшылығымен, агротехника ережесі бойынша, оқушылар өздері жүргізді.

Мектеп директоры, республикамызға еңбегі сіңген мұғаліма Қ. П. Маклецова жер тыңайтқыштарды уақытында даярлатып берді.

Енді жас тәжірибешілер түрлі дақылдардың өсу жолдарын бақылап, арнаулы журналға жаза бастады. Бұған мектеп бойынша 5—10 класс оқушыларынан 180; ал 1—4 класс оқушыларынан 120 бала қатысып жүр.

Бақылау жазу жұмысы былай жүргізіліп келеді: тұқым себілген күн, алғаш жер бетіне шыққан күні, себілген жердің түгелдей көктеген кү-

ні, түйін тастап, бүршік жара бастаған күні жазылады.

Қосымша мына мәліметтер жазылады: егіннің бастанған, гүлденген күні, алғаш дәні пайда болған күні, жемістің алғаш піскен күні, жемістің жаппай піскен күні, дәнді егістердің уызданған, дәнденген және дәні қаттайған күні егінді жыйнаған күн және өнімнің сапасы.

Бақылау журналының бетін үш графаға бөлдік. Біріншісіне — күні, аптасы, екіншісіне — жұмыс түрі немесе көрініс-құбылыс, үшіншісіне — күн райы жазылып отырады. Егіндегі әр дақылдың өзіне арнаулы беттер белгіленді.

Ботаника, «Дарвинизм негіздері» сабақтарына қажетті бақылау түсінік үшін оқу-тәжірибе участогінде алдымынадай жұмыс жүргізілмек: жүйелі коллекция участогі жасау, түрлі дақылдар егіп шығару. Көркем ағаштар мен бұталар питомнигін жасау, жидек-жемістер өсіру, жас бақылаушылардың тәжірибе участогін жасау, гүл бағын жасау, жаздық бидайдан қыстық бидай алу тәжірибелерін жүргізу, тармақты бидай егу.

Осы аталған жұмыстың бәрін бір маусымда жасап үлгірмегенмен, біз бәрін де іс жоспарымызға кіргізіп отырмыз.

Біз қазірдің өзінде 600 ағаш және бұта ектік.

Мәдени егістіктің мынадай түрлері егілді. «голуб-



ка» бидайы, мельтурм бидайы, альбидум бидайы, Алтын жаңбыр сұлысы, воронеж питомнигінің әртүрлі гүлі, арпа, Саратов тарысы, бесінші — алтыншы класс оқу программасында кірген овощь, бакша егістері.

Бұлардан басқа америка жөкесі, үшкір терек, Жиммас, «апус» алма ағашы,

тағы алма ағаштары отырғызылды.

Жас мичуриншілер ішінде Н. Червенко, З. Юнакова, М. Петренко, А. Елишев, А. Козлова, Н. Омельченко, Ожиганова, Т. Кракопец, Комбашина, Т. Шерба, Павлик, Г. Широкоград сыяқты тамаша ұйымдастырғыш звено вожатыйлары бар. Олар

көрсеткен жұмысты ғана істеп қоймайды, өздері бақылау жүргізіп, оның нәтижелерін бірлесіп оқып түсініп отырады.

Мичуриндік биологияның негізін түсінуде біздің жас тәжірибешілеріміздің алғашқы бастамасы осындай.

Биология пәнінің оқытушысы

И. БОБРОВ,
Ертіс ауданы.

ПИОНЕРЛЕРДІҢ КӨМЕГІ

Біздің дружинаның пионерлері оқу жылы аяқталғаннан бері колхозшы ата-аналарына көмектесе бастады.

Дружина советінің председатели Бактылы Напиханова бастаған он үш пионер үш жүз гектар бидай егісін қамқорлыққа алып, жаз бойы арам шөптен тазартып келеді.

Пионер А. Алдабергенев өзінің он жолдасымен бірге ауыл шаруашылығына зиянды жәндіктерді күртумен шұғылданады. Звенодағылар күніне 160—180 саршұнақ ұстайды немесе інге у салып күртады. Пионер К. Жакыповтың бір өзі бір күнде 27 саршұнақ ұстады.

Біздің колхоз өте бай. Онда дәнді астықта, түрлі екпе шөптер де егіледі. Мал

басы жылма-жыл көбеюде. Колхозда жаздың күні жұмыс қауырт болады. Осыны білген балалар: колхоз шаруашылығына көмектесуді борышымыз, — деп санайды. Сондықтан пионерлер қолдарынан келгенше шаруашылықтың барлық саласында да жұмыс істеп көмектесуде. Кәзірде сегіз пионер шөмеле салуда шұғылданып жүр. Шабылған шөп уақы-



тында шөмеленілгенді. Шөмеле салу, мая үюге жәрдемдесіп кейбір пионерлер көлік айдайды. Пионерлер Жұмағалиев, Мұхаметов, Жексенова колхоз қозыларын бағады. Олардың қарамағында кәзірде 150 дей қозы бар. Қозылар жақсы сеіріп келеді.

Колхоздағы оқу үйінде мыннан аса түрлі әдеби кітаптар бар. Пионерлер осы кітапханадан тілеген кітаптарын оқыйды, кітаптың мазмұнын кешкілікте ата-аналарына әңгімелеп айтып береді.

Пионерлер оқу жылы басталғанда, дружина алдында өздерінің игілікті істерін баяндайтын болады.

Х. ҚЫДЫРОВ,

Батыс Қазақстан облысы Чапаев ауданы, Талпын мектебі.

КОЛХОЗГА ҚОЛҚАБЫС

«Кенес» жеті жылдық мектебінің оқушылары быылғы оқу жылы бітісімен колхозшы ата-аналарына қолқабыс көрсетіп келеді. Олар колхоз шаруашылығының түрлі саласында жұмыс істейді. Оқушылар О. Натаев

машинашысы, М. Жаманкүлов пен Р. Алтынбеков тырмашы, А. Алтынбеков печ Ш. Маратаев арбашы болып істейді. Қ. Райханов пен Қ. Тастанов сыяқты оқушылар колхозшылар арасында газет-журналдар оқып береді.

Біздің мектеп оқушылары мал азығын дайындауға осылай көмектесуде, олардың көмегіне бүкіл колхоз жұртшылығы риза.

Т. МОЛДАБАЕВ,

Жуалы ауданы.

ТАБИҒАТ ЗЕРТТЕУШІЛЕР

Семейдегі биологиялық балалар станциясында быйылғы көктемнен бері қарай туған өлкеге саяхатқа шығу басталды. Жас табиғат зерттеушілер тобы кіші Ақтөбе маңындағы «Қыйсық көлде» болды, онда жергілікті жәндіктерді және өсімдіктерді зерттеп, жабайы өсімдіктер мен ауыл шаруашылығына зиянды көптеген құрт-құмырысқалар жыйнады.

Биологиялық станцияның мүшелері 3-мектептің оқушыларымен бірге Каштак лагерінде, Озеркедегі дәнді дақылдарды, тұқым сорттарын өсіру участогінде болды. Биологиялық станцияға облыстың басқа жерлерінен де пионерлермен оқушылар келіп тұрады. Олар өздері тапқан жәндіктерді әкеліп қосады. Турксиб мектебінің оқушылары атжалмандар әкелді. 8-мектептің оқушысы Михайленко екі кірпіні жаңа туған балаларымен бірге әкеліп берді. Олар кірпіні сүтпен тамақтандырады. Михайленко бұдан басқа өзі алып келген балапан сауысқан мен қарғаны үнемі күтіп өсіріп келеді.

Жас өлке танушылар жергілікті жаратылысқа және оны зерттеуге байланысты календарлы жоспар жасайды. Олар өздерінің материалдарын тәртіпке келтіргеннен кейін ССРО Ғылым Академиясының Ленинградтағы географиялық қоғамына жібереді. Коля Изаков; Надя Непоспехова және Толя Новальный сыяқты жас табиғат зерттеушілер өздерінің дұрыс зерттеулер жасағандары үшін географиялық қоғамнан алғыс алды.

Семейден 100—200 шақырым жерде тұратын пионерлер мен оқушылар тірі хайуанаттар бұрышын



Ленин ауданы (Солтүстік Қазақстан) Еңбек орта мектебінің жанында жеміс бақшасы бар.

Суретте: балалар бақша күтіп жүр.

Суретті түсірген А. РОЗЕНШТЕЙН.

ұйымдастыру жөнінде кеңес алу үшін мұнда әдейі келіп пікір алысып тұрады. Жуырда Новопокров ауданының Ворошилов атындағы балалар үйінде тәрбиеленушілер мұнда келіп, бірқатар кеңестер алды. Осы жылғы 20 июньде Омск қаласынан жас табиғат зерттеушілердің бір тобы келді. Олар биологиялық станцияны көрді. Семей жас табиғат зерттеушілері мектептерде тірі хайуанаттар мүйісін ұйымдастырудағы және туған өлкені зерттеудегі жұмысты қалай ұйымдастырғандықтары жөнінде олармен өзара пікір алысты.

* * *

Семейдегі 6-қыз балалар мектебінде де тірі хайуанаттар мен өсімдіктер мүйісі бар. Оларға же-

ке бөлме бөлінген. Өсімдіктер бөлмесінде қапақат, жидек, мойыл, шие алма және көптеген әсем гүлдердің бірнеше түрлері өсірілуде.

Олар күн сайын өз участоктеріне келіп, зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Неля Андреевна көптен бері георгин өсірумен шұғылданып келеді. Ол быйылғы көктемде мектеп маңындағы өсімдіктер участогіне 130 түп георгин егілді. Нина Сдарчок тармақты бидай өсіру жұмысымен үшінші жыл шұғылданауда. Көптеген өсімдіктерді күту, олардың өсіп жетілуін бақылау жұмыстарын жүргізеді.

Ж. БАЙКЕНОВА,

Семей.

ЖОРЫҚТА

Күн ашық еді. Пионерлер түгел жыйналды. Бәрі де жолға әзір, сай.

6-класс оқушылары өсімдік дүниесін, ал 7-класс оқушылары жәндіктерді зерттейтін болды.

Біз өзіміз тұрған Есік селосының оңтүстігіне қарай тарттық.

Өзенді бойлап жүріп, колхоз егісін күзеткен бір қартқа кез болдық. Ол кісінің аты Омар екен. Омар атай бізге Октябрь революция-

сынан бұрын осы жерлердегі шаруалардың тұрмысын айтты. Коллективтенгеннен бері қарай, колхозшы шаруалардың әл-аукаты артқанын үлкен бақытқа ие болғанын айтып берді.

Қартпен қоштасып, біраз жол жүрген соң электр станциясына келдік. Мұнда бізге станцияның механигі тоқтың қалай алынатынын, жан-жақтағы тұтынушыларға қалай жіберілетінін, машиналардың жұмысын түсіндірді.

Жол бойында суретші пионер Изалов табиғаттың бірсыпыра көріністерін салды.

Тау басына шықтық. Кешке дейін тауда болып, түрлі өсімдіктер мен жәндіктер коллекциясын жыйнадық.

Жорықтан әкелген олжаларымызды мектептегі көрмеге қойдық.

Н. ӘБЕНОВ,

Есік селосы, Молотов атындағы қазақ орта мектебі.

АҚЫН АУЛЫНА САЯХАТ

Жас жолаушыларға лық толы машина қаладан шыққан бетте-ақ жұлдыздай ақты. Жол теп-тегіс екен...

— Міне, колхозға да жеттік. Қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаев атындағы колхоз осы болады, — деді Елена Ивановна.

Машина мектеп маңына келіп тоқтады. Сол сәтте-ақ едебиет сабағының мұғалі-масы Елена Ивановна: ақын ата Жамбыл туралы қызық әңгіме шертті. Қыздарға әңгіме қатты ұнады. Оқушы Нина Москалец пен Тамара Михайловна ұлы ақынның «Сталиннің туған жерінде», «Сталиндік ұлы заң» деген өлеңін жатқа айтты. 8-класс оқушысы Ася Аубакирова ақынның «Клим батыр» деген өлеңін қазақ тілінде оқып берді.

Ең қызық музейде екен. Кіре берістегі бір бөлмеге ақынның домбырасы, ертоқымы, көзілдірігі және басқа заттары қойылған. Міне, біз Жамбылдың қонақ үйінде тұрмыз. Ортада дастархан жабылған дөңгелек стол. Үстінде самаурын, ыдыс-аяқ. Осы бөлмеде әйнек астына ұлы ақынның ордендері мен документтері қойылыпты.

Келесі бір бөлме — ақынның ұйықтайтын төсегі екен. Қызмет кабинетіне ақынның тамаша өмірін бейнелейтін көп сурет ілінген. Әсіресе, бізге Жамбылдың 1938 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советі сессиясын ашқандағы суреті үлкен әсер етті. Музейде аса баралы басқа да қызықты экспонаттар көп. Оның бәрін біз қойын дәптерімізге жазып қойдық.

Бұдан соң ұлы ақынға орнатылған ескерткішті көрдік. Ескерткіш қалың ағаш ішінде екен. Біз ескерткішке гүл қойдық, оның жанында тұрып суретке түстік. Ұлы ақын музейінде болу бізге көп білім берді, үлкен сабақ болды. Осынша қызық көріп кешкі салқынмен көрікті Алматымызға қайтып оралдық.

Т. МИХАЙЛОВА,

Алматыдағы, 15-қыз балалар мектебінің оқушысы.



АҚ ҚАЙЫН

Төрбеледі, теңселеді
Төреземнің дәл алдында
Бұл не деген сүйкімді еді,
Қарай берем ақ қайыңға:

Гүл қайыңды ағай еккен
Будан талай жылдар бұрын.
Ол майданға сапар шеккен,
Қолына ұстап намыс туын.

Оралмады қайран ағам,
Ерлікпен ол қаза тапты.
Кеткендей ол беріп маған
Жүрек үшін — махаббатты.

Ақ қайыңды содан бері
Сүйдім мен де нақ өзіндей.
„Шіркін орман...“ — деуші еді,
Қайың қымбат өз көзіндей.

Жана арнаның жолын бастап,
Еккен еді ол бір қайыңды.
Мен ағайдың жолын ұстап,
Тіздім талай мың қайыңды.

Б. ЕСМҰХАНОВ,

Пресногорьков ауданы,
Жана жол орта мектебі

М. ЗВЕРЕВ

ҚАЙСЫСЫ КҮШТІ

Шіркей келіп, жыртқыш сілеусіннің тұмсығын шағып алды да, ұшып кетті.

Шіркей кеп, құрақтың үстіне қонып еді, көлбақа оны қылғып қойды.

Жылан құрақтың ішінен көлбақаны шалып қалды. Шап берді де, шыңғыртып жұтып жіберді.



Кірпі жорғалап бара жатқан жыланның құйрығына жабыса қалды да, жыланның ортан бөлінен тікендерін қадап бүктетіле қойды. Жыланды тырп еткізбей, асады да салды.



Түлкі жортып келе жатып, кірпіні көрді. Қу түлкі айласын тапты. Ол кірпіні суға тастады, кірпі бүктетілген қалпынан жазыла қалды. Осы кезде түлкі кірпінің тұмсығына азуын басты.

Қас пен көздің арасынша шүйіліп келген бүркіт түлкіні бүріп жіберіп, тік көтеріп, ұясына әкелді.



Уябасар бүркіт жоқта, ұрланып келген сілеусін соңғы балапанды өзіне нәпаха етті. Осылардың қайсысы күшті?

— Әркім өз әлінше күшті.



ОДАН-БҰДАН

СИНТОМИЦИН

Жас балалар үшін іш ауруы, әсіресе дизентерия ауруы өте қауіпті екені мәлім. Совет ғалымдары бұл ауруға шалдыққандарды тез емдеу үшін жаңа ем тапты. Ол синтомицин деп аталатын дәрі.

Синтомицинді табу, оның қасиетін білу жолында Сталиндік сыйлықтың лауреаты Ф. С. Ханеня басқарған химик-инженерлер мен дәрігерлердің сіңірген еңбегі көп. Бұл дәрі көп жылдар бойы микробтардың сырын ашу жолында-

ғы қажырлы еңбек нәтижесінде табылды.

Дәріні алғаш рет сыннан өткізгеннің өзінде оның ерекше әсері, айықтырғыш күші байқалды. Болар-болмас 1,5 грамм синтомицин дизентерия микробымен уланған бір текшеметр қосындыдағы дизентерия микробының әрекетін түгел тоқтатады. Мұның өзі оның ерекше қасиеттілігіне дәлел.

1951 жылдың аяғына синтомицин еліміздің барлық орындарында жаппай пайдаланылады.

Автомобильдің атасы

Мұнан 210 жыл бұрын, 1741 жылы Нижегород губерниясының шаруасы Леонтий Шамшуренков



губерния кеңсесіне «өзі жүретін жеңіл арба жасағаны» туралы мәлімдеме жасады.

1752 жылы ғана жеңіл арба толық жасалып шықты. Ол сағатына 15 километр жүретін еді.

1791 жылы халық арасынан шыққан талантты Иван Петрович Кулибин өздігінен жүретін үш дөңгелекті арба ойлап тапты. Мұнда үш адам отыруға болатын еді. Арбаны бір адам басқарып, екінші адам жүргізетін болған. Арба оңға да, солға да еркін бұрылатын. Сағатына 30 километр жер жүретін болған. Арба дөңгелегіне тор-моз орнатылған.

Бұл өздігінен жүретін «арбалар» алғашқы автомобильдер болатын.

Бірінші рельс

Еліміздің ол шеті мен бұл шетіне ұзыннан ұзақ темір жол салынған. Жүздеген поездар күн сайын осы темір жол үстімен арлы-бері ағылып жатады. Қалалардағы трамвайлар да осы рельс үстімен жүреді. Олай болса алғашқы рельсті кім ойлап тапты?

Алғашқы рельс біздің елімізде шықты. Оны орыстың улы гидротехнигі Козьма Дмитриевич Фролов ойлап шығарды. 1763 жылы

Алтайдың Змеевка және Коробавихи өзендері жағасындағы кен



рудниктеріне вагонеткалар Фролов тапқан рельспен жүретін болды. Сол кезден бастап пайдаланыла бастады.

Қанттың тарихы

Кәдімгі біз тамаққа пайдаланатын қант қамысы мен қант қызылшасынан жасалатыны мәлім.



Алғаш рет қамыстан қант өндіру Индияда басталады.

XI-ғасырдың орта шенінде қант өндіру Индиядан Аравияға, Сирияға таралды.

Қант ол кезде өте қымбат бағаланатын, әрі Еуропаға алып келу де қыйын еді. Сондықтан, қантты басқа өсімдік нәрінен өндіру ісі іздестіріле бастады. Ең қолайлы өсімдік қант қызылшасы болып шықты. Онан алынған, қант, қамыстан алынған қанттан кем түспеді.

1801 жылы Москва түбіндегі Никольский селосында Я. С. Есипов қант қызылшасынан алғашқы қант шығарды. 1802 жылы Есиповтың басқаруымен Тула губерниясының Алябьева селосында дүние жүзінде алғашқы қант заводы салынды.

МАЗМУНЫ

Көсемге хат	1
Қазақстан комсомолының V съезі	2
«Ақалтын» әңгімесі	3
Н. Кемелева — Пионер достарыма	5
З. Қарабалина — Комсомолдың көмегімен	5
Ж. Жұмақанов — Коммунизм нұры	6
М. Иманжанов — Ұлы достық	8
С. Сарғасқаев — Эшелон	10
М. Миршакар — Алтын қыстақ	13
Т. Дарханбаев — Клетка және оның тірі заттан құралуы	16
К. Мұқышев — Жұлдыз туралы ой	17
М. Әлімбаев — Әріптердің сыры	18
Білгім келеді	19
Пионер жазы	20
М. Зверев — Қайсысы күшті	23
Одан-бұдан	24
Пионер календары	25



Мұқабаның бірінші бетіндегі суреті салған Н. Лебедев.

Редколлегия мүшелері
Т. Абдрахманов (редактор) К. Айманов, К. Баранов, Ә. Бектұров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Нұртазин, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев.

Тех. редактор Н. В. Федоров.

Редакцияның адресі:
г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 6/VIII 1951 г.
УГО5032. Бум. 82 × 108^{1/16} — 0,75 бум., 2,46 п. л. Тираж 10.000 экз.

Полиграфкомбинат Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР. г. Алма-Ата.
Заказ № 2159.



Коммунизм жолындағы күрескер

Бұдан үш жыл бұрын, 1948 жылы 31-август күні коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі, БК(б)П Орталық Комитетінің секретары Андрей Александрович Жданов қайтыс болды.



Ол революциялық қозғалысқа 16 жасынан араласты. Сол уақытан бастап ол өзінің барлық өмірін Лениндік-Сталиндік партияның ұлы ісіне арнады.

Елімізде Октябрь революциясы жеңіп шыққаннан кейін, Жданов азамат соғысына белсене қатысты. Халқымыз бейбітшілік құрылысқа көшкенде, ол партияның тапсыруымен Калинин қаласында, Горький өлкесінде жауапты партия қызметінде болды.

1934 жылдан бастап, ол Ленинград партия ұйымын басқарды. Сталиндік бесжылдықтар кезінде Ленин қаласы мен облысы өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, мәдениеті қарыштап алға басты.

Ұлы Отан соғысының ауыр күндерінде қаһарман Ленин қаласын қорғауда Ждановтың еңбегі өте ерекше.

Жданов жолдас әрқашан да аса маңызды партиялық және мемлекеттік істермен шұғылданды. Ол марксизм — ленинизм ғылымын жетік білетін адам еді.

Ол Сталин жолдастың тапсыруы бойынша жазушылар мен философтардың, композиторлардың алдында сан рет баяндама жасады. Ол совет ғылымының жоғары дәрежеде болуы керектігін айтты.

Жданов бейбітшілік жолындағы күрескерлердің ең табандыларының бірі болды. Оның американа-ағылшын империалистерін, жаңа соғыс өртіп тұтандырушыларды батыл әшкерелеген үшін барлық халық есітті. Дүние жүзінің халықтары соғысты тілемейді. Бейбітшілікті жақтаушы күштер ұшан-теңіз, деді Жданов.

Жданов совет балаларының сүйікті, қадірлі досы болды. Ол жастарды, коммунизм жеткіншектерін жанындай сүйетін. Жданов өзінің терең білімін, революцияшыл бай тәжірибесін үнемі жастарға үйретіп отырды.

Оның тамаша өмірі бізді коммунизмнің толық жеңуі жолындағы күреске рухтандыратыны сөзсіз.

Т. ЫДЫРЫСОВ.

Қазақ халқының дана ақыны

(Абайдың туғанына 106 жыл)



Қазақ халқының данышпан ақыны Абай Құнанбаев өзі өмір сүрген дәуірде қазақтың қалың бұқарасын мәдениетке, өнер-білімге үндеген алдыңғы қатарлы ағартушыларының бірі болды.

Абай өз елін орыстың озық әдебиеті мен мәдениетінен үйренуге шақырды. Орыс халқының данышпан ақындары Пушкин, Лермонтовтың өлеңдерін, Крыловтың мысалдарын тұңғыш рет қазақ тіліне аударып, олардың тамаша дәстүрін үлгі етті.

Қазақтың бай ауыз әдебиетін терең білетін, шығыс әдебиетінің алдыңғы қатарлы үлгісін таңдап ала білген және орыстың озық әдебиеті дәстүрін бойына сіңірген Абай қазақтың шын мәнісіндегі жазба әдебиетінің негізін қалады. Қазақ әдебиетіне көптеген жаңалықтар енгізіп, кейінгі ұрпаққа күні бүгінге дейін ардақты, бағалы, өнегесі мол асыл мұра қалдырды.

Абайдың барлық творчествосы орыстың озық идеяларымен сәуленген. Ол орыс және қазақ еңбекшілерінің арман-тілегі, жарқын мақсаты бір екенін, орыс халқының халықтар достығын шыңдаудағы ағалық ролін терең түсінді. Егер сен дүниені танығың келсе, орыс тілін біл, деді Абай өзінің ғақылия сөзінде. Ол шығыстың кертартпа әдебиеті мен мәдениетінің қазақ халқының өрге умтылуына барынша кесел болып отырғандығын жете біліп, қазақ халқының орыс өнерін үйренуге шұғыл бет бұруын қалады.


Абай аңсаған халықтар достығы социализм жеңген біздің елде жүзеге асты. Лениндік-сталиндік ұлт саясатының арқасында совет еліндегі барлық ұлттар тілек-мақсаты ортақ біртұтас берік семья болды. Совет халқының бұл тамаша мызғымас достығын мұқтауға ешбір реакцияшыл қаракүштің шамасы келмейді.

И. РАВДУЛИЦА.

КРОССВОРД

Тігінен оқығанда:

1. Қазақ ССР халық артисінің есімі. 3. «Достық пен махаббат» пьесасының кейпікері. 4. Қазақ совет ақыны. 6. Белорусс ССР-ның халық артисі. 7. Орыс драматургі, жазушы. 10. Геометриялық фигура. 11. ССР Судағындағы өзен. 12. Пайдалы қазба шығатын жер. 16. Орта Азиядағы ойпат. 17. Қазақ совет ақынының есімі. 20. Тау.



Көлденең оқығанда:

2. Европадағы мемлекет астанасы. 5. Француз суретшісі. 8. Грециядағы арал. 9. Украин ақыны. 13. Африкадағы қала. 14. Батыр қыз. 15. Кавказдағы өзен. 18. Фрунзенің бала-

сының есімі. 19. Қазақтың драматург жазушысы. 21. Ағаш. 22. Су жануары.

Жасаған: Ә. ҚАЛМЫРЗАЕВ,
Сарысу ауданы.

БАРДСЫҢ СОМ.

